МКҚК «Күншуақ» бөбекжайы»

«Бекітемін»
МКҚК «Күншуақ» бөбекжайы»
меңгерушінің м.у.а:
________А.К.Айбекова

# 2021-2022 оқу жылына арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша орта тобына арналған Күнтізбелік тақырыптық жоспар

Қазақ тілі пәні мұғалімі:

Д.Балтабекова

2021-2022ж

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі. **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Балабақша»** **Апталық тақырып:** "Менің балабақшам"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Балабақша туралы түсінік беру, бақша атын, қай көшеде орналасқанын айта білуге дағдыландыру. Балалардың сөздік қорларын байыту, шағын әңгіме құра білуге үйрету. Ойыншықтарды қазақ тілінде атап, белсенділіктерін арттыру, шағын өлеңдерді жаттап алуға үйрету.Балабақша өмірімен таныстырып, білімдерін жетілдіру, Ой – қабілеттерін дамыту, Қамқорлыққа тәрбиелеу. |
| **Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің әдіс –тәсілі:** | Түсінік беру, сұрақ – жауап, суретпен жұмыс, іздену жұмысы, дидактикалық ойын «Орнын тап», артикуляциялық жұмыс |
| **Сөздік жұмыс:** | Балабақша, қызметкер, топтар, балалар, тәрбиеші |
| **Билингвалды компонент:** | Балабақша – детский сад, қызметкер - сотрудник, топтар - группы, балалар - дети, тәрбиеші – воспитатель, бірінші қабат – первый этаж, екінші қабат – второй этаж |
| **Көрнекіліктер:** | Сурет, кабинеттер, бөлмелер |
| **Сауықтыру міндеттері:** | Саусақ жаттығуы «Менің отбасым», дем алу жаттығулары «Түрлі – түсті жапырақ», көзге арналған жаттығу «Жаңбыр» |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс – әрекеті** | **Балалардың іс - әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушылық** | Шаттық шеңбер: АмандасуМен тек жақсы ойлаймынМен тек жақсы естимінМен тек жақсы көремінМен тек жақсы айтамын.<br>Сұрақ – жауап өткізу | Шеңберге тұрады<br>Амандасады<br>Айтады, қимыл жасайды<br>Жауап береді |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | БалабақшаМеңгеруші кабинеті, түсінік беру, амандасу. Әдіскер кабинеті, түсінік беру, амандасу Музыка залы, амандасу, саз жетекшімен танысу **Саппен жүріп саусақ жаттығуын жасау:** Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен<br>**Топтық жұмыс:** Сөздер және сөз тіркестерін айту<br>Балабақша, Тәрбиеші, Балалар, Ойыншықтар. Екінші қабат, бірінші қабат. Баспалдақпен жүру.<br>1. 1 қабат кабинеттерімен танысу.<br>2. Дем алу жаттығуы:<br>«Түрлі – түсті жапырақ»<br>Балалар алақандарына жапырақтарды алады да, дем жұтып, жапырақты үрлейді.<br>1. Саппен жүріп жаттау айту<br>Топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық, Жаса, жаса атын күн, Жаса, жаса - Қазақстан<br>Кабинетке оралу<br>1. Дыбыстық жұмыс.<br>Ша – ша – бақша,Шық – шық – ойыншық. | Мұқият тыңдайды<br>амандасады<br>танысады<br>жаттығу жасайды<br>Сөздік жұмысқа қатысады,<br>қайталап айтады.<br>жасайды<br>жаттау айтады |

<table>
<tr><td></td><td>1. Көзге арналған жаттығу: Жаңбыр<br><br>Жаңбыр, жаңбыр жаушы.(жоғарыға қарайды.)Тамшы, тамшы, тамшылар.(төменге қарайды.) Су қылдырмай біздерді.(көзбен айналдырады.)Терезені соқпашы. (Тура қарайды)<br><br>1. Іздену<br><br>Суреттегі бейнелерді дәптердегі суреттер арасынан іздеп табу, атын атау, өзара байланыстыру.<br><br>1. Карточкамен жұмыс.<br><br>Атаған затты ойыншықтар арасынан іздеп табу, атын атау.<br><br>1. Сұрақ – жауап өткізу<br>2. Жаттау: Балабақша<br><br>Бала, бала, баламыз,Бақшамызға барамызКүні бойы қызыққа, Батамызда қаламыз.</td><td>қайталап айтады.<br><br>жасайды<br><br>Қатысады, ізденеді<br><br>Аттарын атайды<br><br>Жаттауды қайталап айтады.</td></tr>
<tr><td>Рефлексиялық – түзетушілік</td><td>Ортаға жиналу<br><br>Сұрақ – жауап өткізу:<br><br>Қандай сабақ болды?Кімдермен таныстық?Не істедік?Қандай жаңа сөздер үйрендік?<br><br>Қоштасу</td><td>Жаттығулар жасадық<br><br>Балабақша, Тәрбиеші, Балалар, Ойыншықтар.<br><br>Қоштасу</td></tr>
</table>

**Күтілетін нәтиже:** **Біледі:** балабақша атауын қазақша атайды;
**Игереді:**қазақ тіліне тән дыбыстарды, сөздерді дүрыс айтуды**;**

**Меңгереді:** сөздерді түсініп, саналы түрде есте сақтау дағдысын.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі. **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Балабақша»** **Апталық тақырып:** "Менің достарым"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру. Топтағы балаларды атымен атауды үйрету, «ұл» , «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту. Адамдармен өзара түсініс іп, қарым-қатынас жасай білуге үйрету.Достық, татулық, бірлік, ұғымдарын түсіндіру. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. |
| **Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар**: | Балалармен достық туралы әңгімелесу. |
| **Әдіс тәсілдері**: | Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын |
| **Билингвальді компонент**: | дос-друг, ұл- мальчик, қыз- девочка. |
| **Дамытушылық:** | Топтағы достарының атымен атауды үйрету, «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін үйрету. |

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Қандай ғажайып таң! Бәріміз шаттық шеңберіне тұрып, бір- бірімізге игі тілектерімізді айтайық.<br>-Бізге қонаққа келіп тұр. Кім болы екен? Педагог ойыншық тышқанды ұстап жылаған даусын салып береді. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің көңіл күйім | Шаттық шеңберіне тұрады, бір-біріне игі тілектерін білдіреді, тышқанға әрқайсысы аттарын айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | түсіп кетті, өйткені менің достарым жоқ. Қарап тұрсам, сендер өте көңілдісіңдер, сендер көпсіңдер, Мен достардың қандай болатынын да білмеймін.<br>-Балалар, алдымен танысып алайық.<br>Шеңбер бойымен өз есімдеріңді атап шықсаңдар жақсы болар еді. | |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | -Тышқанға көмектесіп, достың қандай болатынын және достық туралы айтып берейік.<br>-Сендердің достарың барма?<br>-Достық дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Қос тілдік құрам- дос- друг, ұл-мальчик, қыз-девочка.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді, қалай орындалғандарын қадағалайды.<br>Саусаққа арналған жаттығу:<br>Достық<br>Қыздар мен ұлдар<br>Досқой біздің топта.<br>Ұсынса біреу қолын,<br>Ешқашан бас тартпа.<br><br>Тышқан: Балалар, сендерге көп рахмет. Менің кетуім керек. Енді мен дос табатыныма сенімдімін, өйткені мен дос және достықтың не екенін түсіндім | Сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерімен бөліседі.<br><br>Қайталайды.<br><br>Тапсырманы орындайды.<br>Саусаққа арналған жаттығуды орындайды.<br>Мәтін мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Дидактикалық ойын: «Сенде не бар?»<br><br>Шарты: Тақтаға 3-4 бала шығады, мұғалім балалардың қолына ішіне зат салынған себет береді. Олар себеттерінде қандай зат бар екенін қазақша айтып береді.<br><br>Балалармен қоштасады. | Тышқанмен қоштасады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: Достық, татулық, бірлік.

**Игереді:** Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.

**Меңгереді:** Өзара татулық сезімдерін дамыту. Достықты қадірлей білу

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі. **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Балабақша»** **Апталық тақырып: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп ( түсі, көлемі, материалы, жасалуына қарай алуан түрлі болатыны ) , әңгімелеп айтып беруге , ойыншықтардың жекеше және көпше атауларын айтуға үйрету.Балаларды сөзді анық айтып , дұрыс сөйлей білуге баулу , сөздік қорларын дамыту, Олармен қалай ойнау керектігін түсіндіріп , ұқыптылыққа , эстетикалық талғамдарын кеңейту , ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен , жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу . |
| **Әдіс- тәсілі :** | ойын ,сұрақ – жауап , жұмбақ . |
| **Көрнекіліктер :** | Ойыншықтардың суреттері , машина,доп,бүктеме, қуыршақ. |
| **Билингвальді компонент:** | ойыншық - игрушка, рақмет - спасибо, благодарю, доп - мяч, қуыршақ - кукла. |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық -қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Біз ұқыпты баламыз ,Айтқан тілді аламыз.<br>Ойыншықтарды жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз. | Балалар мұғаліммен бірге шаттық шеңберіне тұрады, бәрі қосылып айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | - Балалар, орнымызға жайғасып отырайық.Біз бүгін сендермен. «Менің сүйікті ойыншығым" тақырыбын өтеміз.<br>-Балалар, сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма<br>-Қандай ойыншықтарың бар ? -Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер ?<br>- Ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br>- Балалар , мына үстел үстінде жатқан заттар не?<br>-Ойыншықтармен не істейді?<br>- Балалар,қараңдаршы, біздің тобымызда, ойыншықтар өте көп, олар қандай әсем, әдемі ойыншықтар . Балалар мынау қандай ойыншық? Доптың пішіні , түсі қандай ?<br>- Доптың қимылы қандай ?<br>-Қане бәріміз допша секірейікші. - Кім доп туралы тақпақ біледі? -Қыз балалар көбіне қандай ойыншықпен ойнайды?<br>-Дұрыс айтасыңдар .<br>- Балалар қуыршақтың әдемі шашы , әдемі көйлегі бар екен . Қуыршақтың көйлегінің түсі қандай ?<br>-Кім қуыршақты қалай ұйықтататынын көрсетеді ?<br>-Ал , ұлдар көбінесе қандай ойыншықпен ойнайды ?<br>- Ал, машинаның түсі қандай?<br>- Балалар ойыншықтар жасалуына байланысты бірнеше түрге бөлінеді .<br>1. Матадан жасалған .<br>2. Пластмассадан .<br>3. Резинадан жасалған ойыншықтар<br>**Сергіту сәті**<br>Ұзын құлақ сұр қоян ,<br>Естіп қалып сыбдырды .<br>Ойлы – қырлы жерлермен ,<br>Ытқып –ытқып жүгірді .<br>Қарап еді артына, | Балалар орындарына отырады.<br><br>Балалар; жауап береді.<br><br>Олар - ойыншықтар.<br>Ойыншықтармен ойнайды .<br><br>доп.<br>Балалар жауап береді .<br><br>Топ –топ добым домалақ ,<br>Қайда кеттің домалап .<br>Бір ,екі деп екі ұрдым ,<br>Шатырға сен секірдің .<br><br>қуыршақпен<br>Балалар жауап береді . |

| | | |
|---|---|---|
| | Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап ,<br>Көжегі екен өзінің .<br>**« Ғажайып қорапша» ойыны.**<br>Ойын шарты ; көздеріңді жұмып қоржыннан кез -келген ойыншықты аласыңдар . Алған ойыншықтарыңның атын , түсін , неден жасалғанын айтасыңдар. Мысалы: Бұл- доп. Доп қызыл. Доп резеңкеден жасалған. | |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Міне балалар, біз сендермен қандай «үлкен» жұмыс жасадық. Тапсырмаларды дұрыс орындадыңдар.<br>- Қазір біз сендермен гүл жинайық.<br>Жапырақтарының түстерін атап, тілек айтыңдар.<br>- Ал, балалар, қоштасатын кез келді.<br>-Сау болыңдар! | • Сау болыңыз! |

**Күтілетін нәтиже: Біледі:** Ойыншықтардың түрлерін, түсін, пішінін білу .

**Игереді:** Толық сөйлем құрау . **Меңгереді:** Ойыншықтарға жанашырлықпен қарап , достарымен бөлісіп ойнау

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі. **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырып: «Жиһаздар»**

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Үй – ішіне қажетті жиһаздар туралы кеңінен түсіндіру. Балаларды жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру.Балалардың тіл байлығын дамыту. Жиһаздарды күтіп баптап ұстауға, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. |

| | |
|---|---|
| **Алдын-ала жұмыс:** | балабақша ішіне саяхат,тақпақтар жаттату. |
| **Сөздік жұмыс:** | жиһаз-жиһаздар, керует-керуеттер, үстел-үстелдер,орындық-орындықтар. |
| **Көрнекі-құралдар:** | , жиһаздар макеттері,топтағы жиһаздар. |
| **Әдіс-тәсілдері:** | түсіндіру, көрсету,көркем сөз,ғажайып қонақ,сұрақ-жауап, желілік ойын «Жиһаз дүкені», д/о «Не артық?» |
| **Билингвальды компонент:** | Жиһаз-мебель,керует-кровать,үстел-стол, орындық-стул. |

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Тәрбиеші балаларды шаттық шеңбер құруға шақырады.Армысың, алтын күн,Армысың, алтын жер, Армысың, көк аспан,Армысың, жан досым.Жылуыма жылу қос,Міне, менің қолым.Бүгін біз үй жиһаздары туралы кеңінен білетін боламыз.**-** Балалар үй жиһаздары барлығының үйлерінде бар.Қандай жиһаздарды білесіңдер?Жарайсыңдар балалар!Балалар мен бүгін балабақшаға келе жатып ,бір сандық тауып алдым.Бұл сандықта біреу барсекілді.Қарайықшы қане, балалар, қораптың аузын ашып көрейін.Ой, балалар, мұнда хат бар екен.Хаттың ішінде жұмбақ жазылыпты соның шешімін табайық. Осы кезде топқа қолына дорба ұстаған қонжық кіреді.**Қонжық**: -Сәлеметсіңдерме, | Балалар шаттық шеңбер құрып, өлең сөздерін айтады.<br><br>Балалар тәрбиеші нің сұрақтарына жауап беруге тырысады.<br><br>Балалар<br><br>жиһаздарды атайды.<br><br>Қызығушылық танытады.<br><br>Жұмбақты шешеді<br><br>Қонжықты көреді. |

| | | |
|---|---|---|
| | балалар мен апайлар?Мен кішкентай қонжықпын.-Сәлеметсіңба, қонжық? Қош келдің, төрлет!-Қолыңдағы не, қонжық?-Ой,балалар,дорбаның ішінде менің киімдерім.-Қонжық, сен неге ол киімдерді өзіңмен тасып жүрсің?-Үйімде киімдерімді салатын жиһаздар жоқ,сондықтан оларды өзімен алып жүрмін.-Ал сіздің балабақшада жиһаздар бар ма?-Балабақшада балаларға арналған жиһаздар бар .Біздің балалар балабақшада сурет салуды, жапсыруды,ермексаздан мүсіндеуді үйре-неді,тамақтанады,ұйықтайды сол себепті, балабақшада түрлі жиһаздар болады. | Балалар қонжықпен амандасады.<br><br>Біздің балабақшада жиһаздар өте көп. |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | Тәрбиеші слайд арқылы жиһаздар түрлерін көрсетіп,олардың атауларын естеріне түсіреді.**Сөздік жұмыс жүргізеді.Желілік ойын «Жиһаз дүкені»** (санамақ арқылы кейіпкерлердітаңдайды).Ал ендеше, жиһаздар сататын дүкенге барайық.Балалар қонжықтың бөлмесіне қандай жиһаз ыңғайлы деп ойлайсыңдар?Ал қонжық саған алған жиһаздар ұнады ма?**Қонжық:** Иә, ұнады.Олай болса, балалар, қонжық сатып алған жиһаздардың атауын есінде сақтап қалу үшін мен сендерге жұмбақ жасырайын .Ал, қонжық, сен есіңе сақтап алдың ба? Жарайсың,қонжық!Балалар,сендерде жарадыңдар! Қонжыққа жиһаз таңдауға көмектестіңдер.-Қонжық, біздің балалар сен туралы орысша тақпақтар біледі.Сен соны тыңдағың келеме?-Әрине,қуана-қуана тыңдаймын.**Билингвальды компонент:**Жиһаз – мебель,керует – кровать,үстел – стол, орындық – стул .**Қонжық:** Рахмет, балалар, сендер мені қуантып тастадыңдар.Ал, қонжық, сен шаршаған боларсың, біздің балалармен бірге бір серігіп ал. Біздің балалар ағылшынша сөйлейді | Балалар слайдқа қарап жиғаздардың атауын атайды. Ия, көмектесеміз.<br><br>Балалар санамақ арқылы сатушы, кассир,сатып алушы адамдарды таңдайды.Қызығушылықпен ойынға қатысады.<br><br>Балалар жұмбақтардың шешімін табады.<br><br>Балалар тақпақтар айтады.<br><br>Балалар қонжықпен бірге сергіту сәтін жасайды.<br><br>Балалар кезекпен жиһаздарды атай-ды.Ол не үшін керек екенін айтады.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Жиһаз туралы, |

| | | |
|---|---|---|
| | үйреніп жүр.Қазір ағылшын тілінде сергіту жасайды.**Сергіту сәті:**Бейнетаспадан сергіту сәті жүреді.**Қонжық:** Мен балалармен «Не артық?» ойын ойнағым келіп тұр.(**шарты:**топтасқан жиһаздардың ішінен артық затты алып тастау)<br>**Д/о: «Жиһазды құрастырамыз»**Олай болса, енді біз тақтаға қарайық .Тақтада жиһаздардың жарты бөлігі көрінбейді , сол жиһаздың бөлігін тауып көрейікші. | |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар, біз бүгін немен таныстық, не туралы әңгімелестік?Жиһаздарды атаңдаршы?Жиһаз бізге не үшін керек?Жиһазды бүлдіруге бола ма?Балалар бізге қонаққа кім келді?Қонжыққа біз не таңдап бердік?Жарайсыңдар балалар! | Шкаф, үстел, диван, отырғыш, керует.Демалу,отыру,ұйықтау үшін керек.Жоқ,жиһаздарға ұқыпты қарау керек. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жиһаз түрлерін, қажеттілігін, оларды ұқыпты пайдалануды.

**Түсінеді:**жиһаздардың орысша атауларын.

**Игереді:**жұмбақтар шешуді , тақпақтар айтуды, ойын тапсырмаларын орындауды.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»** **Апталық тақырып:** «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Жаңа *отбасы, әке, ана* сөздерін үйрету арқылы сөздік қорларын толықтыру. Қысқаша сұрақтарға жауап бергізу арқылы ауызекі сөйлеуге жаттықтыру. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. |
| **Қолданылатын көрнекі құралдар:** | суретті сөздіктер, отбасымен түскен суреттер, фото альбом. |
| **Қажетті құрал-жабдықтар:** | үлестірмелі материалдар. |
| **Билингвальді компонент:** | отбасы - семья, ана - мама, әке - папа. |
| **Әдістер:** | Әңгімелеу, жұмбақ, тақпақ айту, ойын, сұрақ - жауап, сергіту, шаттық шеңбері. |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Қайырлы күн, балалар! Күніміз сәтті болсын! 1. Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>Балалар, сендерді аналарың<br>еркелетіп, қандай жылы сөздер айтады?<br>2. «Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны.<br>Өткен тақырыпты естеріне түсіру. Қоржыннан балалар ойыншықтарды бір-бірден алып, олардың атын атайды. «Сұрақ-жауап» дидактиалық ойыны.<br>- Солнышко.<br><br>- Мынау не?<br>Қуыршақ.<br>Аю.<br>Доп.<br><br><br>- Мынау кім?<br>Мынау - ұл.<br>Мынау - қыз. | Рақмет!<br><br>- Бота. |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | - Мынау не?<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Балалар! Қараңдаршы, бізге хат келіпті, әдемі хатқалтаның сыртын- да «Ақбота» балабақшасына деп жазылыпты.<br>(Ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті болады).<br>Қандай керемет! Мына суреттер- де кімдер бар?<br>№ 4 үлестірмелі материалдағы суреттермен жұмыс.<br>Мынау - әке.<br>Мынау - ана. | Таңдана қарайды.<br>Әр бала өз анасы мен әкесін айтады<br><br><br><br><br><br><br>Өлең жолдарын қайталап, |

| | | |
|---|---|---|
| | Мынау-ұл.<br>Мынау-қыз.<br>Сергіту сәтін өткізу.<br>Әкем менің қайратты,<br>Анам менің ақылды.<br>Ұл мен қызы жарасқан,<br>Татумыз біз осындай.<br>6. № 4 үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>«Суреттер сөйлейді» сөздік ойыны. Тақтада ілінген суреттегі бейнелерді атау, бірге қайталау. Жапсырмаларды ретімен жапсыртқызу.<br><br>- Орындық, үстел.<br>Үстел айналасына қойылған орындықтарға әке, ана және балаларының қайсысының қайда оты- ратынын сызық арқылы сызып көрсету. | мазмұнына сәйкес қимылдар жа- сайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар сөздерді бірге және жеке қайталайды.<br>Әке.<br>Ана.<br>Бала.<br>Қыз.<br>Жапсырмаларды жапсырады. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** отбасы мүшелерінің қазақша аталуын біледі;

**Игереді:** үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін өмірде қолдана білуді;

**Меңгереді:** сурет бойынша отбасы мүшелерін - әке, ана, баланы ажыратып, оларды атайды.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»** **Апталық тақырып:** "Менің көшем".

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Қала, көше жайлы түсінік беру. Көшедегі ережелерді айтып, түсіндіру.Көшеде не бар екенін айта алуға, көшенің қандай екенін сипаттауға үйрету.Балаларды шығармашылыққа,еңбекқорлыққа,бастаған ісін аяқтауға,ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| **Қажетті – құрал жабдықтар:** | Қағаз, қарындаштар, бояу, қылқалам |
| **Әдіс-тәсілдер:** | Сұраққа жауап беру,ойын,түсіндіру,берілген тапсырманы шешу, мақтау, мадақтау, шығармашылық тапсырма |
| **Билингвальді компонент:** | Көше-улица- street, жол — дорога — road. |
| **Көрнекі құралдар:** | Үлгі суреттер, көшедегі үйлердің суреттері. |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Сәлеметсіңдерме балалар?! Көңіл-күйлерің қалай?<br>**Сендерді шаттық шеңберіне шақырамын**<br><br>Кел,балалар, күлейік,<br><br>Күлкіменен түлейік!<br><br>Қабақ түйген не керек,<br><br>Көңілді болып жүрейік! | Балалар шаттық шеңберіне тұрады |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | Балалар біз қай қалада өмір сүріп жатырмыз?<br>-сендер өз көшелерің қалай аталады?<br>-Кімнің құрметіне бұлай аталған?<br>-Бұл көшедегі әдемі үйлерді кім салады екен?<br>Жұмбақ.<br>Ұзын-ұзын,ұзын жіп<br>Ұшына шыққан жан бар ма?<br>Ақырын басқан жан бар ма,<br>Ұшына шықпас жалғанда (Жол)<br>Жұмбақ мағынасы түсіндіріледі.<br><br><br>Балалар алдындағы құрал-жабдықтарды пайдаланып, көрсеткен үлгімен,көшені бейнелейді,кейбір балаларға жеке түсіндіріліп,көмек көрсетіледі.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Біздің ауыл тап- таза бұлағыда | Өздері тұратын көшелері жайлы әңгімелесу<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Балалармен бірге бой жазу жаттығуын жасау. |

| | | |
|---|---|---|
| | Ән салады майысып құрағыда<br>Жаз жайлауға барамын демалыста<br>Асау тайдың ойнаймын құлағында<br>Біздің ауыл алма бақ,Өрік жүзім жетеді.<br>Сағынарым қайда да,Алатаудың етегі. | |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? | Бағалау. Балалардың жасаған жұмыстарын салыстырып мадақтау |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Туып өскен жерін, тұратын көшесі мен үйі жайлы;

**Игереді:** Үйдегі және көшедегі тәртіпті игеруі қажет;

**Меңгереді:** Жұмыс жасау барысында берілген тапсырманы уақытылы орындау.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»** **Апталық тақырып:** "Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ерекшеліктерін түсіндіру.<br>Үйдегі, көшеде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту.<br>Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу; қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу. |

| | |
|---|---|
| | |
| **Көрнекі құралдар:** | Слайд, суреттер, құрал – саймандар. |
| **Билингвальді компонент:** | қауіпсіздік-безопастность |

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Балалар, бүгін ерекше күн! Себебі бізге көптеген қонақтар келіп отыр, қанеки орнымыздан тұрып амандасайық.<br>- Балалар бүгінгі оқу қызметімді сұрақ қою арқылы бастағым келіп отыр.<br>- Айтыңдаршы топ ішінде жүгіруге болама?<br>-Неге жүгіруге болмайды?<br>-Үстел үстіне, терезе алдына шығуға болама?<br>Неге шығуға болмайды?<br>-Есікпен ойнауға болама?<br>-Не үшін болмайды?<br>-Дұрыс айтасыңдар, балалар. Құлап немесе қолымызды есікке қысып жарақаттанбау үшін, біз қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз керек.<br>-Ендеше бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы: «Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік» | Балалар амандасады.<br><br>- Жоқ, топ ішінде жүгіруге болмайды, себебі, құлап жарақаттануымыз мүмкін.<br>-Жоқ, үстел үстіне, терезе алдына шығуға болмайды. Құлап бір жерімізді ауыртып алуымыз мүмкін... |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | «Қауіпсіздік» дегеніміз балалар, өзіңді қорғау және сақтау дегенді б<br>-Ал енді өзімізді қалай қорғап, сақтау керек екенімізді слайд арқылы түсінетін боламыз.<br><br>**Ойын:«Жақсы – жаман»**<br>**Шарты:**заттардың қандай жағдайда жақсы және қандай жағдайда жаман екенін айту. | Балалар слайдқа назар аударады.<br>- Балға жақсы.Онымен шеге қағады. Балға жаман қолыңды ұрып алсаң.<br>-Шеге жақсы, онымен екі затты біріктіреді, шеге жаман, абай болмасаң денеңді жарақаттайсың.<br>-Қайшы жақсы, керек заттарыңды қиясың.Қайшы жаман, дұрыс пайдаланбасаң қолыңды, көзіңді жарақаттауың мүмкін. |

| | | |
|---|---|---|
| | **«Мен үйдемін» көрініс**<br>- Таңертең ертесімен анасы дәріханаға кетіп бара жатып, кішкентай қызына*: «Сен үйде жалғыз қала тұр, есікті ешкімге ашпа, тентек болма»*- деп тапсырады.<br>Үйде жалғыз қалған қыз шәй ішкісі келеді. Ол ас бөлмесіне барып, газ плитаға келіп, сіреңкені қолына алып, оны жағуға тырысады.Осы кезде анасының айтқаны қауіпсіздік ережесі есіне түсіде.<br>*-Балалар, бұл қандай ереже деп ойлайсыңдар, анасы не деуі мүмкін?*<br><br>-Кішкентай қыз сіренкені орнына қойып, шәйдің орнына сүт ішеді.<br>-Осы кезде біреу келіп есік қағады, кішкентай қыз есікті ашуға бара жатып,есіне анасының айтқан сөзі түседі.<br>*- Бұл қандай сөз болуы мүмкін?*<br><br>-Кішкентай қыз анасы келгенде қуантпақ оймен, өзінің көйлегін үтіктемекші болдып, үтікті тоққа қосайын деп жатқанда, тағы да анасының айтқаны есіне түседі.<br>*-Анасы не айтуы мүмкін?*<br>Анасы үйіне келген кезде қуанышпен қарсы алған кішкентай қыз үйіне бөтен адамның келгенін, бірақ өзінің есік ашпағанын айтады.<br>Анасы оны мақтап, «Жарайсың, қызым»дейді.<br>**Ойын: «Қауіпті және қауіпсіз заттар»**<br>**Шарты:**Қауіпті заттарды қауіпсіз заттардан ажыратып қою. | -Сіренке жақсы, онымен от жағып, тамақ пісіреміз, жылынамыз.Сіренке жаман- өрт шығуы мүмкін<br>Үш бала көріністі сомдайды, қалған балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>-Қолыңа сірiңке алма, өрт шығуы мүмкін!<br>-Газдан абай бол! Ол тез тұтанып, жарылады.<br>-Үйде жалғыз қалғанда есікті ешкімге ашпа!<br><br>-Үтікке жақындама, киім күйіп, жануы мүмкін.<br>-Өрт шығуы мүмкін.<br><br>Балалар қызығушылық танытып ойын ойнайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Қорытындылау.Сұрақ – жауап<br>Мадақтау. | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауды, қауіпті жағдай туғызуы мүмкін заттар мен құбылыстар туралы.
**Игереді:**Үшкір заттармен, отпен ойнамау керектігін.
**Меңгереді**: қауіпсіздік ережелерін.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»** **Апталық тақырып:** "Өзім туралы"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Өзі және өзінің жағдайы, көңіл – күйі туралы түсініктерін кеңейту. Өзінің дене мүшелері (қол, аяқ, бас, көз, құлақ, т.б), олардың атқаратын қызметі туралы түсініп, айтып беруге үйрету. Өзіне деген сенімділігін нығайтып, құрметі мен дербестігін арттыру. |
| **Қолданылатын көрнекі құралдар:** | «Менің көңіл күйім»тақырыбына (қуанып, ашуланып, ренжір тұрған балалардың әрекеті) суретті слайд. |
| **Құрал-жабдықтар:** | жұмыс дәптері, түрлі түсті қарындаштар |
| **Билингвальді компонент:** | қол-рука, аяқ-нога, бас-голова, көз-глаза |

| **Оқу іс-** | **Мұғалімнің** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|

| әрекеттері | іс-әрекеті | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балаларды шеңбер бойына тұрғызып, жетекші құралдар арқылы төмендегі үлгідей әңгіме жүргізу:Балалар, бүгін біз өзіміз туралы әңгімелесеміз. | Балалар шеңбер бойына тұрады |
| **Ұйымдастыру шылық**<br><br>**ізденістік** | *Осылайша қыздар мен ұлдардың қандай ойыншықтармен ойнайтындығын, немен айналысқанды ұнататындықтарын, қандай киім киетіндіктерін сұрайды.*Осыдан кейін балаларға өздеріне таныс өлең жолдарын айтып, сергіту жаттығуын жасауды ұсынады.Ұл, қыз болып бір жолда,Иықтасып жүреміз.Қиындықта қол үшінБерерiне сенеміз.Балалар педагогтың сұрақтарына төмендегі үлгідей жауап береді:Балалар, ұл, қыз бала туралы біледі екенсіңдер.<br><br>Педагог балаларға адамның дене мүшелері: бас, мойын, аяқ , қолдары туралы сұрақтар қояды. Жарайсыңдар, балалар, енді алдарында тұрған суреттерге назар аударыңдаршы. Бұл – қағаздан қиылған қуыршақтың дене бөліктері. Қазір сол бөліктерді құрастырамыз. Ол үшін бастарыңды алдыға, артқа, солға, оңға қозғалтып көріңдерші, қозғала ма?Демек, басты не қозғалтып тұр?Яғни біздің басымыз мойында орналасқан екен. Олай болса басты мойынға орналастырамыз. | Балалар өлең жолдарын айтып, мазмұнына сай қимылдар жасайды.Бар.Өзімізді көрдік.Мойын қозғалтады. Балалар бастарын қозғалтып, қозғалатындығын айтады.Балалар қолдарын жоғарыға созып, допты қағып алатындай қимыл жасайды. |
| | Мен қазір сендерге жұмбақ жасырамын, сендер шешуін тауып, сол жұмбақтың шешуіне байланысты сурет салыңдар.Педагог ауыз, мұрын, құлақ туралы жұмбақтар жасырады.Мысалы:Көреді бәрін өзгенің,Көре | Дене мүшелерінің қажеттілігі, қызметі туралы айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлекциялық түзетушілік** | алмайды өздерің? Ол не?Міне, балалар, сендер қуыршақтың бейнесін құрастырыпта болдыңдар? Педагог дене мүшелері туралы қосымша ақпарат бере отырып зерттеу жүргізетіндігін айтады.Кәне, көздеріңді қолдарыңмен жабыңдар?Мен не істеп жатырмын?Ал, енді көздеріңді ашыңдар да үстелдің үстінде не жатқанын атап беріңдер?Оны қайдан білдіңдер?Демек, балалар, көз көру үшін керек екен.Енді құлақтарыңды жауып, маған қараңдар. Мен сендерге шағын ғана өлең оқып беремін. Демек, құлақтың қызметі қандай екен?Жарайсыңдар, балалар, тағы бір зерттеу жұмысымыз қалды.<br><br>**«Сыңарын тап» ойыны**. Ойын шарты бойынша әр балаға ішіне су құйылған және құм, күріш, бұршақ, ұн, тары, т.б дәнді – дақылдар салынған үрленбеген шарлар беріледі. Мысалы, екі көк шар берілсе, біріне құм салынады, екіншісіне су құйылады. Дәл сондай шарлар келесі үстелдің үстінде бірнеше шарлардың ішінде орналасады. Ішінде құм салынған шарды алуы тиіс.Білеміз. Балалар өздерінің дене мүгелеріне байланысты сұрақтарға жауап береді.<br><br>Педагог балалардың бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл – күйлерін, немен айналысатындарын, не үйренгендерің сұрайды. | Өздерінің көңіл күйлері туралы айтып, дәптердегі таңбаларға белгілейді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** адамның дене мүшелерін, олардың атқаратын қызметін;

**Игереді:** өз дене мүшелерінің атқаратын қызметін біледі;

**Меңгереді:** өзіне – өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау». **Апталық тақырып: «**Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Салауатты өмір салты туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықты сақтау дағдыларын дамыту.Эмоциялық көңіл күйін және сезімдерін білдіруге тәрбиелеу.<br>Балаларға көкөністер мен жеміс жидектердің адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру.Олардың құрамы дәрумендерге бай екендігін,тұмау мен суық тию ауруына шалдықпаудағы күресудің жолы екенін көрсету.Ойлау қабілетін дамыту,сөйлеу кезінде сөзді анық айтқызу,мәнерлі айтып жаттықтыру және еңбекке баулу. |
| **Билингвальді компонент:** | Көкөніс-овощи-vegetable. Жеміс-фрукт- fruit. |
| **Көрнекілік:** | Көкөністер және жемістер суреті |
| **Керекті құрал жабдықтар**: | ақ қағаз,түрлі-түсті майлы бояу,фишкалар. |
| **Әдіс-тәсілдері:** | түсіндіру, сұрақ-жауап, қайталау, ойын, ой қозғау, топпен жұмыс. |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық**<br><br>**Ұйымдастырушылық - ізденістік**<br><br>**Рефлексиялық-түзетушілік** | «Білер қазақ баласы,<br>Сәлем сөздің анасы,»-дегендей сәлемдесіп алайық.<br>«Қайырлы таң балалар!»<br>Қайырлы таң құрметті қонақтар!<br>Бақшамызға барамыз,<br>Досымызды табамыз.<br>Сәлемет пе,міне мен,<br>Доспын енді сенімен.<br>Тәрбиеші:балаларға жыл мезгілдері туралы сұрақ қояды.<br>Біздер ауырып қалмас үшін не істеуіміз керек?<br>-Ал дәрумендерді қайдан аламыз? -Жемістер қайда өседі? Ал көкөністер қайда өседі? Біздер бүгін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінен көкөністер мен жемістердің адам денсаулығына қандай пайдасы бар екенін айтамыз.<br>**Дәрумендердің А,В,С,Д,Е дегентүрлері болады.**Оларды біздер күнделікті ішіп жүрген тағамдарымыздан кездестіреміз.<br>**Мысалы: «А»дәрумені«В»дәрумені:.«С»дәрумені.«Д»дәрумені:**Осы дәрумендерді көп жесеңдер суыққа төзімді боласыңдар,сүйектерің қатаяды,бұлшық | Қайырлы таң!<br>Қайырлы таң құрметті қонақтар!<br>Бақшамызға барамыз,<br>Досымызды табамыз.<br>Сәлемет пе,міне мен,<br>Доспын енді сенімен.<br>Қалың киініп,дәрумендер жеуіміз керек.<br>Көкөністерден,жеміс-жидектерден аламыз.<br>Жеміс-жидектер ағашта өседі.<br>Көкөністер бақшада өседі.<br>Балалар суреттегі жеміс-жидектерді атайды.<br>Балалар көкөкністерді ажыратып айта алады.<br>Балалар а,в,с,д,е деген дәрумендері бар екенін түсінеді.<br>Осы кезде балалар тұмауға қарсы бетперделерін киеді.<br>Сергіту жаттығуы музыкамен.<br>Көкөніс-овощи-vegetable. Жеміс-фрукт-fruit. Балалар топ-топқа бөлініп әр-түрлі әдіспен көкөністер және жемістердің суретін сала бастайды.<br>**Жұмбақтар жасырады.** |

| | | |
|---|---|---|
| | еттеріңе күш береді.Осы кезде тұмаудың дауысы естіледі.<br><br>Тұмау жаман ауыру.Егер тұмау мен ауырып қалсақ қаліміз қандай болады?Міне көрдіңдер ме, тұмау жүрген жер жақсы емес.Біздер ауырып қалмас үшін не істеуіміз керек?<br><br>Тұмау сен онда көкөністер мен жемістердің балалардың денсаулығына қандай пайдасы бар екенін тыңда.<br><br>**Көкөкністер мен жемістер айтысы:**<br>**Дәрігер:** Сәлеметсіңдер ме балалар!Қыс мезгіліде келді,тұмау жүріп жатқан кез,өздеріңді қалай сезінесіңдер?Балалар сендердің топтарыңда ауырып қалған балалар жоқпа?Деніміз сау болу үшін тағы не істеуіміз керек?Сендер қандай дене сергіту жаттығуларын білесіңдер?<br><br>**Сергіту жаттығуы музыкамен.**<br><br>**Қостілді компанент:** Көкөніс-овощи-vegetable. Жеміс-фрукт-fruit.<br><br>Біздің балалар сізге жұмбақ жасырғысы келеді?Дәрігер:Қане ендеше балалардың жұмбағын шешейін.<br><br>Балалар қане бәріміз мына фишкалардан озимизге ұнағанын таңдап бөлінеміз Ойын ойнайық: «Бақта ма, бақшада ма?»Балалар, көкөністер мен жемістер адам ағзасына өте пайдалы. Дәрумендері өте көп. Сәбіз жесеңдер бойларың өседі. Пияз бен сарымсақ әртүрлі сырқаттан сақтайды. Сондықтан оны жыл бойы жеп отыру керек екен.<br><br>Енді қимылды ойын ойнайық: **«Салат» деген.** - Балалардан не үйренгендерін сұрау? -Балалар | Балалар ойынды қызыға ойнайды.<br><br>Қимылды ойынды қызыға ойнайды.<br><br>Көкөністер мен жемістердің адам денсаулығына қандай пайдасы бар екенін өттік.<br><br>Майшаммен,тіс щеткасымен,баклашканың қақпағымен. |

| | | |
|---|---|---|
| | біздер не туралы өттік? -Қандай суреттер салғандарын сурау?Балалар сендерге оқу іс-әрекеті ұнады ма? Сендер суретті немен салдыңдар? | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Күздің ерекшеліктерін атауға үйренеді. Күзде жемістер мен көкөністерді жинаймыз, адам ағзасына пайдалы көп дәрумендері бар екенін.

**Игереді:** Жемістер бақшада, ал көкөністер бақта өсетінін.

**Меңгереді**: Көкөністер мен жемістерді ажыратып үйренеді. Түстерді ажыратып, атай білуге үйренеді**.**

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау». **Апталық тақырып:** "Өзіңе және өзгелерге көмектес"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:**. | Өзара көмекке, сыйластыққа, әдептілікке тәрбиелеу.Тақырыпқа сәйкес ертегі оқып беріп, оның мазмұнын түсінуге, кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарастарын білдіруге үйрету. |
| **Әдіс – тәсілдері:** | Түсіндіру, ойын, әңгімелеу, сұрақ – жауап. |
| **Көрнекі құралдар:** | дидактикалық суреттер |
| **Билингвальді компонент:** | аю-медведь три-үш |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Балалар, мен сендерді бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде көргеніме қуаныштымын. Сендердің күлімдеген жүздеріңді көріп сүйсініп тұрмын. Мен барлығыңды шаттық шеңберіне шақырамын. «Мейірімді жүрек»<br>**Шарты:** Балалар бірге үлкен шеңберге тұрады.<br>Жүрекшені ұстап тұрып:<br>«Балалардың мейірманды жүрегі,<br>Адамдарға бақыт, шаттық тіледі», деп айтып көршісіне жылы сөздерайтады.-Сен мейірімдісің-Сен кішіпейілсің-Сен әдемісің-Сен қайырымдысың | Балалар өлең жолдарына қосылып қайталап, қасындағы көршісіне оның жақсы қасиеттерін білдіретін жылы сөздер айтады. |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | Балалар! Сендер ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келеме?-Олай болса бізге ертегілер еліне баруға менің қолымдағы "Сиқырлы кітап" көмектеседі. Осы кітаптан мен сендерге "Үш аю"ертегісін оқып беремін.Ендеше тыныш отырып мұқиат тындайық.Ерте,ерте ертеде бір кішкентай Настя деген қыз болыпты. Бір күні орманға барып адасып қалыпты. Қалай үйін табарын білмей жүре беріпті. Сонда алдынан бір үй кезігіпті. Бұл үйде үш аю өмір сүреді екен. | сиқырлы кітаппен танысады |

| | | |
|---|---|---|
| | Мамасы, Папасы және баласы. Осы кезде үш аю үйінде болмаған екен. Кішкентай Настя үйге кірсе столдың үстінде тамақтар тұр екен. Әр қайсының дәмін көріп кішкентай аюдың тамағын жеп қояды. Сосын әбден шаршаған Настя жататын бөлмеге барып әр төсекке жатып көріп, кішкентай аюдың төсегіне жатып ұйықтап қалады. Бір кезде үш аю үйіне оралады. Үйлеріне кіріп біреудің болғанын байқайды. Ал аюдың баласы-менім тамағымды кім жеп қойды деп жылайды. Үшеуі ұйықтайтын бөлмеге кірсе Настя ұйықтап жатады.Үшеуі бірдей бұл кім? Ұтса деп бақырға дауыстан, шошып оянған Настя! Үш аюды көріп қатты қорқып, ашық тұрған терезеден секіріп түсіп қашып кетеді. Үш аю ұсай алмай қалабереді.<br>**Дидактикалық ойын:** «Қай аңның үйшігі?»Ендеше бәріміз орнымыздан тұрып, бойымызды сергітіп алайық!<br>**Сергіту сәті**:<br>Қорбандаған аюдыңҚұлпынайы көп екенТеріп, теріп алайықҚалтамызға салайық<br>Балалар аю туралы тағы кім тақпақ біледі?<br><br>-**Суретпен жұмыс**-Балалар ертегінің суреттері бойынша өз түсінгендерін әңгімелейді | Ертегі тыңдайды |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар сендерге бүгінгі сабағымыз ұнады ма?<br>-Иә<br>Орманға жалғыз баруға болама?<br>-БолмайдыМынау кімнің үйі?<br>-Аюдың<br>Мында кімдер тұрады?- | Сұрақтарға жауап береді |

| | | |
|---|---|---|
| | Папасы, Мамасы,БаласыДұрыс, сендер өте ақылдысындар! | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Л.Н.Толстойдың «Үш аю» ертегісін

**Игереді**: мазмұнын түсінуге,

**Меңгереді:** кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарастарын білдіруді

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау». **Апталық тақырып: "Алтын күз"**

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Табиғаттағы өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем құрастырып, әңгімелеуге үйрету. Адамдар үшін жемістер мен көкеністердің маңызы туралы түсінік беру. Жапырақтардың түсінің өзгеруі, жамістердің пісуі туралы және ой-өрісін дамыта отырып, есте сақтау мен тілін дамыту. Адамдардың күзгі еңбегі туралы түсінік беру.Өсімдіктерді күтіп-баптауға және табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Адамдардың күзгі еңбегі туралы түсінік беру. |
| **Сөздік жұмыс:** | Бұтақтар,жеміс,жидек,тұқымдар,табиғат құбылыстары. |
| **Керекті құрал:** | Суреттер, жемістер мен көкөністер муляждары, жыл ағашы, әліппе дәптер. |
| **Әдіс-тәсілдер:** | Сұрақ-жауап, мнемо кесте суреттері, дауыс ырғағын өзгерту техникасы, |

| | |
|---|---|
| | жұмбақ шешу, түсіндіру. |
| **Билингвальді компонент** | күз-осень-autumn, жапырақ-листья-leaf |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Балалар шаттық шеңберіндедөңгелене тұрып**:**<br>- Армысыз, Алтын күн!<br>- Армысыз, қайырымды Аспан-ата!- Армысыз, мейірімді Жер-ана!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>Қуанайық, шаттанайық бәріміз! | Балалар қимыл көрсете отырып, бірге айтады.<br>Табиғат анамен амандасып жақсы көңілмен отырады. |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | Сабаққа, алаңқайға табиғи материалдар жинау мақсатымен серуен ұйымдастыру.<br>- Күз мезгілі несімен ұнайды?<br>- Алтын күз дегенді қалай түсінесің?<br>- Жомарт күз дегеніміз нені білдіреді?<br>- Бір жылды неше мезгіл бар?<br>Дидактикалық ойын: «Жыл ағашы»<br>Шарты: Ағаштың әр мезгілдерге сай ерекшіліктерін атай отырып,бұтағын салыстыра отырып, дұрыс ауыстыру.<br>Бүгінгі Экология оқу іс-эркетінде Бүркіт Жақыповтың «Күз сыйы» өлеңін жаттаймыз. Өлеңді жаттау оңай болу үшін мнемокестені қолданамыз. Сендер мұқият | Табиғат аясында өздеріне ұнаған табиғи материалдарды жинай бастайды.<br>Ойынды қызығушылықпен ойнауға тырысады.<br>Мнемокесте арқылы дұрыс қайталайды.<br>Өлең сөздерін аңдар дауысына қызыға отырып, дұрыс салуға тырысады. |

| | | |
|---|---|---|
| | суреттерге қарап отырыңдар. **Күзде.**<br><br>Алма пісті,Алмұрт пісті,Алша пісті,Жерге түсті.Қияр пісті,Қарбыз пісті,Қауын пісті,Қандай күшті!ЖидектердіңТатып дәмін,ЖемістердіңЖеймізбәрін.Енді балалар өлеңді қайталауда дауыс ырғағын өзгеру техникасын қолданайық. Аю дауысымен бір қатарын қайталаймыз. Қоян дауысына салайық, ал үшінші шумағын бұлбұл құстай әндетіп айтайық. Жарайсыңдар!Жеке қайталату. Бала өзіне ұнаған дауыс ырғағына салып айтады.Көктем мезгілінде жер жыртылып, тұқымы себіледі. Жаз мезгілінде егіншілер осы егін даласында аянбай еңбек етеді. Күз мезгілінде барлық жемістер мен жидектер, көкөністер, бидай пісіп жетіледі. Егілген бір дән-мың дән болып қайтады. Сондықтанда «Күз –молшылық, береке» деп атайды.«Табиғат сыйы» дегеніміз - бұл табиғаттың шексіз байлығы болып саналатын күз мезгілінің ерекшілігін, алуан-түсті жапырақтар мен ауа-райының ерекшілігін білдіреді.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Алтын-сары, қызыл-көк, Алуан, алуан жапырақ.Күзгі бақта күлімдеп,Көз тартады атырап.Күзгі бақта шаттана,Билейміз біз айнала.<br><br>Енді балалар, сендердің зерек екендеріңді тексерейін. Жұмбақтар шешейік.Дәптермен жұмыс. | Бұлбұл құстай әндетуге тырысады. Өлең сөздерін есте сақтап қалуға тырысады.<br><br>Күз жомарт, береке сөздерінің мағанасын тыңдайды.<br><br>Сергіту сөздеріне байланысты қимыл-қозғалыстар жасайды.<br><br>Жұмақты мұқият тыңдап, жауабын дұрыс шешуге әрекеттенеді.<br><br>Дәптерде берілген тапсырмаларды дұрыс, ұқыпты орындауға тырысады. |

| | | |
|---|---|---|
| | 1. Күзгі бақтағы еңбек туралы әңгімелеу.<br>2. Жарты алманың екінші бөлігін табу.<br>3. Жеміс пен жидек сөздеріне сөздік жұмыс жүргізу. Оларды ажырату, атын айтқызу. | |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Тақырыпты бекіту үшін «Сен жасыр, біз табамыз» **дидактикалық ойын** ұйымдастырылады.Шарты: балалар көзін жұмып отырады. Бір ойыншы шығып жеміс, көкөністердің муляждары салынған табақтан біреуін алып, артына жасырады. Ойыншы сол жемісті,көкөністің атын айтпай сипаттайды. Жасырған жемісті, көкөністі дұрыс тапқан бала ойынды жалғастырады. | Балалар ойынды қызығушылықпен ойнауға тырысады. Дұрыс жауап беруге талпынады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Күз мезгілінің ерекше сыйын түсініп, бағалай білуі. Үлкендер еңбегін құрметтеуді.
**Игереді:** Дидактикалық ойындар ойнап, өлеңді түсіне отырып жаттап, жұмбақтар шешеді.
**Меңгереді:** Табиғи материалдардан композиция жасай білуі. Өз жұмысына тақырып ойластырады.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау». **Апталық тақырып:** "Біз күштіміз ептіміз"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Ертегіні қызығушылықпен және мұқият тыңдауға үйрету, шығармашылық потенциялының ашылуына себепкер болу, баланың артистік қабілеттерін, баланы ертегіні сахналауға үйрету, диалогтық белсенділік бағытында қазақ тілін оқытуға себебін қалыптастыру. Сахналау үшін дайын материалдарды қолдану. Сахналауда мәтінді ролдармен оқытуна қатысу. Құрбыларымен бірге әрекет етуге үйрету, актерлық шеберлігін сапасын дамыту. |
| **Алдың ала жұмыс:** | 1.«Кім күшті» ертегісін оқу.<br>2.«Кім күшті» ертегісін балалармен ойнау.<br>Балаларды қатыстырып керек құрал – жабдықтармен сәндеу. |
| **Көрнекі құралдар:** | дидактикалық суреттер, хат, жұмбақтар карточкасы. |
| **Билингвальді компонент:** | күшті-сильный, епті-шустрый |

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Сәлемтсіңдерме, балалар!<br>**Мұғалім:** балалар мен ертегі кейіпкерлерінен хат алдым. Келіндер дөңгелене отырындар, мен сеңдерге хатты оқып беремін.<br>«Қымбатты балалар!Біз ертегі орманның тұрғындарымыз.Сіздерді 20 сәуірге қонаққа шақырамыз...»-Ой, ол бүгін жой! Сендер қонаққа барғыларын келе ме? | -Сәлеметсіңдер ме!<br>Балалар дөңгелене отырып мұғалімді тыңдайды.<br>-Иә! |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | **Мұғалім**: біз қонаққа бармас бұрын, бұл хат қай ертегіден екенін табуымыз керек.<br>Біз жұмақтарды шешуіміз керек.<br>Ол бізге көмек.(Конверттен жұмбақтары бар карточканы | Балалар жұмбақ шешеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | алу).Жұмбақтар . | (Мұз) |
| | Көлге жапқан қақпақ,Сіресіп тұр,Қатты-ақ | ( Тышқан) |
| | Мысықтан бұл қорқады,Бұдан піл қорқады. | (Құмырсқа) |
| | Қылдай белі бүгілген,Өзінен де жүгі үлкен. | |
| | Көтеріліп теңізден,Аспанға биік барамын, | (Жаңбыр) |
| | Биіктен қайта түскенде,Өңі кірер даланың | |
| | Аласа ғана бойы бар,Айналдырып киген тоны бар. - Жарайсындар, балалар сендер жұмбақтардың жауабын таптыңдар. | (Тоқты) |
| | «Кім күшті?» ертегісін сахналау. | |
| | **Автор:** Ерте, ерте, ерте екен,Ешкі жүні бөрте екен.<br>Қырғауылы қызыл екен.Құйрық жүні ұзын екен.<br>Қырғауылы қырқылдап,Жалтыр мұзға сыртылдап,<br>Алшая келіп қоныпты,Шаты айрылып қалыпты.<br>Қисая жатып қырғауылСонда мұздан сұрапты: | Балалар: мұз, тоқты, тышқан, жаңбыр, құмырсқа... |
| | **Қырғауыл:** - Лед, лед как ты стал сильным?<br>**Мұз:** - Если бы я был сильным, то дождь меня не победил бы.<br>**Қырғауыл:**- Дождь, дождь, как ты стал сильным?<br>**Жаңбыр** : - Я бы не дал себя проглотить земле.<br>**Қырғауыл:** - Земля, земля, как ты стал сильным?<br>**Жер:** - Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жардырмас едім.<br>**Қырғауыл:**- Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?<br>**Көк шөп:** - Мен күшті болсам, көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді.<br>**Қырғауыл:**- Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?<br>**Көк тоқты:** - Мен күшті болсам, көк шұнақ қасқырға құйрығымды жұлқытпас едім.<br>**Қырғауыл:**- Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың?<br>**Қасқыр:**- Мен күшті болсам, көк мылтыққа құйрығымды ойдырмас едім. | -«Кім күшті?»<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Балалар көздерін жұмып 1-10 дейін санайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қырғауыл:-** Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?<br>**Көк мылтық:-** Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.<br>**Қырғауыл:-** Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?<br>**Тышқан:** - Мен күшті болсам, құмырсқаға інімді алдырмас едім.<br>**Қырғауыл:-** Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?<br>**Құмырсқа:** - Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін, - деген екен құмырсқа. | Балалар «Кім күшті?» ертегісінің көрінісін тамашалайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | -Балалар бізге ертегі әлемінде қызықты болды, бірақ бізді балабақшада жақсы істер тосып тұр. Ал онда біз сиқырлы таяқшаның көмегімен ораламыз.<br>-Міне біз сүйікті балабақшамызға оралдық.-Сендер қандай ертегіні тамашаладыңдар?-Сендерге ертегі ұнады ма?-Қай кейіпкер сендерге қатты ұнады?-Сау болыңыздар! | (Балалар ән арқылы айналады.)<br>-«Кім күшті?»<br>-Иә!<br>Балалардың жауаптары. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** ертегіні мазмұндау, 1-10-ға дейін санау;
**Игереді:** табиғат құбылыстарының, жәндіктердің, жануарлардың

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»** **Апталық тақырып:** "Тарихқа саяхат"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Мектепке дейінгі балаларға өзінің туған жеріне,ауылына деген сүйіспеншілік туғызу,жеріндегі көрікті қызығушылық туғызу.Балалардың туған өлкесі туралы білімдерін кеңейту. |

| | |
|---|---|
| | |
| **Құрал-жабдықтар:** | "Суреттерді құрастырып жина" деген ойына керекті балалардың санына қарай конверттер,Отан туралы өлең |
| **Билингвальді компонент:** | тарих-история, туған жер - родной край |

| Оқу іс-әрекеттері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br>Кел балалар күлейік<br>Күлкі менен түлейік<br>Күлкі көңіл ашады<br>Күліп өмір сүрейік! | Балалар шеңбер жасап тұрады, қонақтармен амандасады, өленің сөзін айтады. |
| **Ұйымдастыру шылық**<br><br>**ізденістік** | **-**Балалар, Отан деген не?<br>-Жәрәйсіңдар балалар,өте дұрыс.<br>-Отан –ол біздің туған жеріміз,біздің өскен ауылымыз.Отан - ол сенің үйің, отбасың, достарың,туыстарың тұрған жер.Ал біздің кішкентай Отанымыз –ол біздің ауылымыз.-Біздің ауылымыздың аты қандай?Біздің ауыл қандай?”-доппен ойын. -Қазір біз өте қызықты ойын ойнаймыз.Әр қайсысың, біздің ауыл қандай? деген сұраққа жауап беру керек.-Біздің ауыл қандай? Қай ауданыңда тұрамыз? Ауданымыз қалай аталады?<br>-Балалар, мынау суретте не көріп тұрсыңдар?<br>-Дұрыс, айтасыңдар!<br>“**Суреттерді жинап құрастыр”ойыны** -Әр топқа тапсырмасымен 1конверт беріледі-Ал енді балалар, мен сендерді біздің сүйікті ауылымызға экскурсия жасауға | Сұрақтарға жауап береді<br><br>таза,сұлу,әдемі, қызықты, қонақжай, көпұлтты, керемет,ғажапты,тамаша, ақшыл-балалардың жауабы-балалар мұқият тыңдайды және елтаңбаны қарап шығады<br><br>-балалар суреттерді жинап ғимараттарды құрастырады-кілем үстінде балалар тапсырманы орындайды.<br>-саяхат жүргізуші-балалар амандасады-сүйікті аулымыздың ғимараттарымен танысамыз-машинамен,автобуспен,жаяу барамыз-балалар автобуспен барады,өлеңді айтып-шуламау ,бұзық болмау дауыстап сөйлеме ,бір-бірін итермеу керек<br>-тақпақтар-орталық ауданыда көп мерекелер өтеді,ал қыс келгенде үлкен шыршаны қояды<br>-иә,таныдық-бұл спорт зал |

| | | |
|---|---|---|
| | шақырамын.Балалар,адамдар экскурсияға барғанда,оларға бәрін айтып,көрсетіп жүретін адамды қалай атайды ?-Бүгін бізбен бірге саяхат жүргізуші болады.- Саяхат жүргізуші: сәлеметсіндерме балалар!-Сендер бүгін қайда экскурсияға барасыңдар?-<br>Экскурсияға немен біз барамыз?-Біз автобуспен барамыз,көңілді өлең айтып.-Бірақ автобусқа отырар алдында,қөліктің ішінде өзін –өзі қалай ұстау керек екенін есімізге алайық.-Автобустың ішінде қалай өзінді үстау керек айтыңдаршы? Міне,балалар келдік1аялдама мәдениет үйі-Қалай ойлайсыңдар, балалар, бұл Иә, дұрыс,балалар думан үйінде өлең айтып, б и билеп үйренеді,сосын қонақтарға көрсетеді.-Ал біздің балалар тақпақ Отан туралы айтады2 аялдама" Орталық ауданы"-Балалар орталық ауданы не үшін керек?-Бұл жерде не көрсетеді,не болады?-Бұл орталық ауданына сендер ата-аналарымен, отбастарыңмен әртүрлі мерекені тойлауға келесіңдер, жазда серуендейсіңдер, ойнайсыңдар,отшашуды көресіңдер.<br><br>6 аялдама «Балбөбек" балабақшасы-Балалар, міне біз өзіміздің сүйікті балабақшамызға да келіп жеттік-Сендер балабақшаны жақсы көресіңдер ме?-Балабақшада не істейсіңдер?-Қандай қызық нәрселер болады бұнда?-Балалар, міне біздің ауылға саяхатымыз аяқталды-Сендерге саяхатымыз ұнады ма?-Балалар біздің ауылымыз үлкен емес, бірақ өте әдемі,ол тұрғандарының арқасында.-Ал біздің балабақшамыздың айналасы әдемі болу үшін не істеуге болады?-Ендеше мен сендерді біздің | -балалар өленің сөзін айтып,қимылдар жасап тұрады |

| | | |
|---|---|---|
| | бала бақшамызды безендіруге шақырамын (ұжымдық жұмыс) | |
| **Рефлекциялық түзетушілік** | -Бүгін біз қайда болдық? Экскурсияға немен бардық?-Бізбен экскурсияға кім барды?-Жарайсыңдар,енді біз қоштасайық | -экскурсияда болдық-автобуспен-саяхат жүргізуші |

**Күтілетін нәтижесі:**

**Біледі:** Өз ауылының ғимараттарының аттарын

**Игереді:**әр ғимарат не үшін қажет екенін

**Меңгереді:** сипаттама беру дағдысын,ағаштар және гүлдер мен суретті безендіру әдісін

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»** **Апталық тақырып:** "Туған өлкем"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Қазақстаның кең байтақ бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру. Балаларың қызығушылығын , ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Отанды сүйе білуге тәрбиелеу. Отан, туған ел туралы түсініктерін кеңейту. |
| **Көрнекі құралдар:** | президенттің суреті, Астана қаласының суреттері |
| **Сөздік жұмыс:** | Отан, Астана, Тәуелсіз. |

| | |
|---|---|
| **Билингвальді компонент:** | Отан – Родина, астана – столица, Тәуелсіз-Независимый! |

| Оқу іс-әрекеттері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық**<br><br>**Ұйымдастыру шылық ізденістік** | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты<br>Алтын шуақ таратты<br>Қайырлы таң балалар<br>Қайырлы таң қонақтар.<br>Әнұран<br>-Өте жақсы, балалар! Осы жақсы көңіл күйімізбен бүгінгі тәрбие сағатын бастайық.Тәуелсіз ел деп-өзінің президенті, туы, елтаңбасы, әнұраны бар елді атайды.<br>-Қазақстан Республикасының президенті кім? -Енді мына суреттер не көріп тұрысындар? -----Тудың түсі қандай?Тудың ортасында күн бейнеленген астында қалықтаған қыран құстың суреті бейнеленген , ал сол жақ шетінде ұлттық ою өрнектелген.<br>-мынау Қазақстанымыздың мемелкеттік Елтаңбасы.-Елтаңбаның негізі шаңырақ. Ол Елтаңбаның жүрегі. Отан тарих. Отан тіл Отан өлең, отан жыр Көтерген көкке ел даңқын -ал мына суретте не көріп тұрсыңдар? Тәуелсіздік жолында,Талай-талай тер тамған Білігім өз қолымда Еркіндігім ел таңбам<br>**Сергіту сәті:**<br>Тәуелсіз елдің тірегі. | Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев<br><br>Ту<br><br>Көгілдір<br><br>Елтаңба<br><br>Қазақстанда Астана бас қала |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлекциялық түзетушілік** | Біз боламыз жүрегі<br>Артқа қадам баспаймыз<br>Тек алға-алға бастаймыз<br>Құран қыстай қалықтап<br>Болашаққа самғаймыз .2006 жылы 6 қаңтарда президенттің ұлықтау рәсімінде «Менің Қазақстаным» болып әнұраны шырқалды.-балалар сендер қай елде тұрасындар?-Қазақстанның бас қаласы қай қала?<br>Алтын дәні даласы бар.<br>Ақ күмістей қаласы бар. Неткен сұлу неткен көркем Осы менің туған өлкем-біздің тұратын ауылымыз қалай аталады?-Біздің еліміз қандай ел?-Отанымызды жақсы көремізбе?-біздің ұлттық тіліміз қазақ тілі<br>**Қос тілдік компонент:**<br>Отан – Родина, астана – столица.<br>Тәуелсіз-Независимость!<br>Отан жерім. Отан суым Отан қуат нәр береді. Отан ұран. Отан жыр Отан мәңгі гүлденеді.<br><br>Туған күнің құтты болсын! Құтты болсын отаным! Құт береке той мереке<br>Бола берсің әр дайым.<br><br>Көгінде күн нұр төккен<br>Жерінде гүл жұпар еккен<br>Неткен сұлу, неткен көркем<br>Осы менің туған өлкем!<br>**Ән: «Отан»**<br>Бүгінгі сабақта біз не туралы әңгімелестік?-балалар бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? | Тәуелсіз ел<br><br>иә<br><br>Қазақстан тәуелсіз ел туралы |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: Біздің Отанымыз туралы қойылған сұрақтарға жауап береді

**Игереді:** Қазақстан Республикасы- тәуелсіз ел екенің түсінеді

**Меңгереді:** Қазақстан Республикасы туралы мәлеметтерді оқу іс-әрекеттерінде қолдана білу дағдыларын

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»** **Апталық тақырып:** "Астана – Отанымыздың жүрегі"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Қазақстан Республикасы туралы әңгімелесу;Балалардың ой-өрісін дамыту, Еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. |
| **Билингвальді компонент:** | Гимн - Әнұран, Герб – Ту, Моя Родина – Менің жерім |
| **Әдіс-тәсілдері:** | сұрақ-жауап, әнгімелеу |

| Оқу іс-әрекеттері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балаларды бір қатарға тұрғызып, қолдарын жүрек тұсына қойғызып, Қазақстан Республикасының Әнұранын Туға қарап тұрып орындату.<br>-Балалар біз қайда тұрамыз? -Біздің ту түсі қандай?<br>-Рәміздерге не жатады?<br>-Бас қаламыз қай қала?<br>- Отан деген не?<br>Отан деген – біздің еліміз, жеріміз,әке-шеше, | Балалар үлкен сезіммен орындайды.<br>Қазақстанда тұрамыз.Көк түсті.Ту, Елтаңба, Гимн.Астана. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру шылық**<br><br>**ізденістік**<br><br><br><br>**Рефлекциялық түзетушілік** | бауырымыз, туған жеріміз.<br><br>-Балалар мен сендерге Бүркіт Ысқақовтың Отан туралы өлең оқып беремін.<br>ОтанОтан сенің - ата-анаң,<br>Отан - досың, бауырың,<br>Отан - өлкең, астанаң,<br>Отан - аудан, ауылың.<br>Отан – тарих, Отан – тіл,<br>Жасаған елің, өз халқың. Қазақстанның кең-байтақ жерімен, слайд арқылы танысты. Балалар өте қатты қуанды.<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар,<br>Керегелері керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып<br><br>Киіз үй болып керілер.<br><br>**Дәптермен жұмыс**:<br><br>Сурет бойынша әңгіме құрау<br><br>**«Күншуақ» ойыны** арқылы қорыту.<br>Ойын шарты:<br><br>Ортада шуақсыз күн тұрады. Күннің әр шуағында сұрақтар мен тапсырмалар берілген.Күн шуағындағы сұрақтарға жауап беру арқылы күнді күлімдету.Балалардың жауаптарына ризашылық білдіріп, мақтау, мадақтау. | Өлең жолдарын қайталап айтты<br><br><br>Қимылдар жасап, бойларын сергітеді.<br><br>Дәптермен жұмыс жасалады.<br><br><br>Жауап бере отырып, күнді күлімдетеді. |

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»** **Апталық тақырып:** "Тәуелсіз Қазақстан"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Балалардың өз Отандары туралы, мемлекеттік рәміздері, елбасы туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың тыңдау және сөзді түсіну, әңгімелесе білу, сұраққа жауап беру және сұрау іскерліктерін қалыптастыру, дыбыс артикулияциясын және сөздерді дұрыс байланыстырып сөйлеулерін дамыту, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, патриоттық сезімдерін ояту. |
| **Қолданылатын көрнекіліктер:** | рәміздердің суреті, елбасының суреті, аудио және видео материалдар. |
| **Билингвальді компоненті:** | Отан – Родина – motherland. |

| **Оқу іс-әрекеттері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br>Үлкенге де сіз,Кішіге де сіз,Бас иеміз сіздергеҚұрметпенен біз!<br>Балалар, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз?Дұрыс айтасыңдар, балалар, Біздің Отанымыз – Қазақстан!Балалар, сендер біздің елорламыз қай қала екенін білесіңдер ме?Ал, балалар сендер біздің мемлекетіміздің президенті кім екенін білесіңдер ме?Бұл кісі балалар, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.<br>Н. Назарбаев Біздің Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, Қазақстан мемлекетінің | Балалар шеңбер болып тұрады. Бір-біріне әдемі сөздер айтуға тырысады. - Біз Қазақстан мемлекетінде өмір сүреміз.- Біздің ел ордамыз Астана қаласы.Ия, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.Өлең мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды.Сәлеметсіз бе! Ия, сіз батырсыз.Біздің Отанымыз – Қазақстан!Видеоны мұқият тамашалайды.Мемелекеттік рәміздер туралы.Ту, елтаңба, Әнұран.Тудың түсі көк.Ия, білеміз.Әлижан:Туған елім, гүл елім,Қасиетіңді білемін.Өзіңе деп жүремін,Лүпілдеген жүрегім.Сау болыңыз! |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру шылық ізденістік**<br><br>**Рефлекциялық түзетушілік** | құрылуына зор үлесін қосқан жандардың бірі.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Дөңгеленіп тұрайық, Керегені құрайық.<br>Уықтарша иіліп, Қазақ үйді құрайық.<br><br>Топқа батыр кіреді, балалармен амандасады:Батыр: Сәлеметсіңдер ме, балалар!Сәлеметсіз бе, төрлетіңіз!Батыр: Рахмет, балалар, сендер менің кім екенімді білесіңдер ме? Батыр: Дұрыс таптыңдар, балалар. Біз батырлар осынау ұлан байтақ жерді сендерге аманат етіп қалдырдық. Балалар, қане айтыңдаршы, сендер қай мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар? Батыр:Тамаша, балалар, сендер өте ақылды екенсіңдер. Балалар, қане бізде өлеңді жаттап алайықшы.<br>Желбірейді жалындап,Қазақстан байрағы. Көкте қыран қалықтап,Қанат қағып барады. Қандай мемлекеттік рәміздер бар екен? Тудың түсі қандай? Батыр: Балалар, сендер ақылды, зерексіңдер!<br><br>**Мақал – мәтел**:Отан- оттан да ыстық.Отан- отбасынан басталады.<br>Батыр: Балалар, сендерге үлкен рахмет! Сендермен танысқаныма өте қуаныштымын! Енді сендермен қоштасатын уақыт жетті. Сау болыңдар, балалар!<br><br>**Ойын «Кім жылдам?»** Ойын Шарты: Балаларға сұрақтар қойылады. Кім бірінші жауап береді сол балаға смайл беріледі. Кім көп смайл жинаса сол бала жеңіске жетеді. Сұрақтар:Біз қай мемелекетте өмір сүріп жатырмыз?Елбасымыз кім?Еліміздің астанасы қай қала?Біз қай қалада | «Отаным» әніБалаларды мадақтау.Ойын шартын бұзбай орындайды.<br>Сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | тұрамыз?Мемлекеттік рәміздерге нелер жатады?Тудың түсі қандай?Онда нелер бейнеленген?<br>**Қорытынды сұрақтар** Балалар, біз бүгін не туралы әңгімелестік?Бізге қонаққа кім келді?Мемлекеттік рәміздерге нелер жатады екен? | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Мемлекеттік рәміздер, елбасы, Қазақстан Республикасы туралы біледі;

**Игереді:** тыңдау және сөзді түсіну, әңгімелесе білу, сұраққа жауап беру және сұрау іскерліктерін;

**Меңгереді:** дыбыс артикулияциясын және сөздерді дұрыс байланыстырып сөйлеуді.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»** **Апталық тақырып:** «Айналамыздағы өсімдіктер»

| | |
|---|---|
| | Өсімдіктер әлемінің өзіндік ерекшелігі және оның тіршілік ортасымен |

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | байланысы туралы әңгімелеу; кейбір өсімдіктердің өсетін орны туралы түсінік беру (бау-бақша, саябақ, бақша, орман); Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қамқорлық жасай білуге ынталандыру. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау ережелерін әңгімелеу; өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. |
| **Алдын-ала жүргізілетін жұмыс:** | өсімдіктерге байланысты өлеңдер, мақал мәтел жаттату, бейнефильм көрсету. |
| **Әдіс-тәсілдер:** | Тәжірибе жасау, әңгімелеу,түсіндіру сұрақ- жауап. |
| **Қолданылатын көрнекі құралдар:** | суреттер, дидактикалық материалдар |
| **Билингвальді компонент:** | Бақша-сад-garden, өсімдіктер-растения-plants, су- вода-water, күн- солнце-sun. |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | *Балалар музыка әуенімен топқа кіреді.* Шаттық шеңбері:Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,Бізге келсін қуаныш, нұр іздеген.Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз Үлгі алсын көрген жан мына бізден.- Балалар, біз бүгін ұйымшылдықпен «Өсімдіктер әлеміне саяхат» жасап көрейікші, қанекей бәріміз дайынбыз ба?***Ғажайып сәт.***Топқа үсті басы кірқожалақ болған Дымбілмес кіреді. Қолында жас талдан сындырған бұтағы бар:- Сәлеметсіздер ме балалар? Мен сендерге қонаққа келдім. Мені қонақ қыласыңдар ма?- Жоқ мен бұдан сендерге рогатка жасап беремін. Болмайма екен?-Балалар, дұрыс айтасыңдар ағашты сындырып табиғатқа жамандық жасауға болмайды. Оны біз қорғап, аялауымыз керек.- Дымбілмес, сен бізбен бірге бол, «өсімдіктер әлеміне» бірге саяхат жасаймыз. Көп нәрсені үйретеміз.- Жарайды. | Балалар бір бірінің қолдарынан ұстап жылы жүзбен қарасады.-Иә, біз дайынбызБалалар таңырқап қарайды.- Сәлеметсіз бе!-Жоқ, өйткені сіз жас талды сындырғансыз ғой.- Жоқ сіз дұрыс жасамадыңыз, олай болмайды. Бізге рогатка керек емес.-Иә бізбен бірге барсаңыз жақсы болар еді. |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | **Жұмбақ:**<br>" Қолы жоқ, аяғы жоқ-қозғалады, аузы жоқ-тыныс алады, қоректенеді", Бұл не болды? Дұрыс таптыңдар, жарайсыңдар- Балалар, өсімдіктер қайда өседі?- Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?-Өсімдік өсу үшін не керек?Біздер бау бақшада, ағашта өсетін өсімдіктердің қай мезгілде пісіп, қай мезгілде жинап алатынын көру үшін саяхатқа барамыз.Саяхатқа барғанда кедергілерден: судан, көпірден, қысқа ирек жолдардан өтеміз. Көктем, жаз, күз мезгілдеріне кездеседі. Көпірден өтіп, балалар назарын горшокте өсіп келе жатқан гүлге аударады.-Балалар | - Бұл -өсімдік.- Жерде, бөлмеде, ағашта өседі.- Адамдар өсімдіктерді азық ретінде ,құрылыс материалы ретінде қолданады, қағаз алады. Ол ауаны тазартады.- Өсімдіктер тұқым арқылы көбейеді.<br><br>- Өсімдік өсу үшін су, ауа, жарық,жылу керек.<br><br>Жыл мезгілдерін көреді.Гүлдің өсіп жатқанын көреді.Бақша-сад-garden, өсімдіктер-растения-plants, су- вода-water, күн- солнце-sun.Балалар қызығушылықпен ойнауға кіріседі.Бізге қонаққа |

| | | |
|---|---|---|
| | өсімдіктер өсу үшін не істейміз?Бүршік жарып келе жатқан ағаштардың суретін көрсету. Олардың жапырақтары, көшеті, мұртшалары бар. Сабағы тарқылы көбейеді. Өсімдіктердің иісі болады, гүлдейді, жеміс береді. Олардың өсуіне жарық, ауа, ылғал қажет.**Шығармашылық жұмыс:**Балалар біздің табиғат бұрышымыздағы бөлме гүлдерімізді суаратын кез де келіпті. Қанекей бөлме гүлдерін арнайы таяқшамен қопсытайық, суарайық, жапырақтарын сүртіп тазалайық.**Сергіту сәті:**Орнымыздан тұрайық,Гүлдерге су құяйық.Орнымыздан жылжиық,Басқа гүлге құяйық.-Дымбілмес сен білесін бе, бөлме және бау бақшада өсетін өсімдіктер адамдардың көмегінсіз ауырады.-Балалар мінекей біз бау бақшаға да келіп жеттік.Балалар ендеше үш тілде мына сөздерді қайталап жаттап алайық:***Билингвальді компонент***: Бақша-сад-garden, өсімдіктер-растения-plants, су- вода-water, күн- солнце-sun.**«Не қайда өседі?»** *дидактикалық ойыны.*Шарты: жемістер мен көкөністерді ажыратып, бақшада өсетіндерін жерге, бақта өсетіндерін ағашқа іледі. | келіп тұрыңыз, көп нәрсені үйретеміз. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Сонымен балалар өсімдік жақсы өсу үшін, оны күту керек екен. Егер адамдар өсімдіктерге дұрыс қамқорлық жасайтын болса,ол біздің жерімізді сәнге бөлейді. Сендердің үйлерінде бақша бар. Ол жерде түрлі өсімдіктер өседі,сол өсімдіктердің өсуін үнемі бақылап | Біз енді әрдайым өсімдіктерге қамқор болып күтіп баптауға аналарымызға көмектесеміз. |

| | | |
|---|---|---|
| | жүріңдер!Сау болындар! | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Өсімдік өсу үшін қажетті жағдайларды;
**Игерді:** Өсімдіктердің өсу ортасын ажырата алады;
**Меңгереді:** Өсімдіктерді күтіп баптау жолдарын.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»** **Апталық тақырып: "Жануарлар әлемі"**

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Үй жануарларының тіршілігі туралы баяндап, әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы пікірлерін айтқызу арқылы кез келген тақырып бойынша ойларын еркін жеткізе білуге баулу, Үй жануарларының адамдарға беретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, Үй |

| | |
|---|---|
| | жануарларының өзгешеліктеріне қарай бір-бірімен салыстыра білу қабілеттерін, тақпақтарды қайталай отырып және сұрақ-жауап арқылы тіл байлықтарын дамыту, үй жануарларына қамқор болуға, оларды күте білуге тәрбиелеу. |
| **Билингвальді компонент:** | сиыр-корова-cow, қой-баран-sheep, жылқы-лошадь-horse,ешкі-коза-goat, түйе-верблюд-dromedary. |
| **Қажетті көрнекі құралдар:** | үй жануарларының суреттері, үнтаспа, ойын – тренажерлері. |

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық**<br>**- қозғаушылық** | Балалар, қараңдаршы бүгін бізде ерекше күн, өйткені бізге бүгін көп қонақтар келді. Қане, барлығымыз шаттық шеңбер бойына жиналып, айналаны қоршаған ортамен, қонақтармен амандасып алайық.Арайлап бүгін атты күн,Шашып бізге шапағын.Тілейміз сізге ақ таңның,Қуанышын шаттығын.Қайырлы таң, қайырлы күн,Қуанышты күн бүгін.Сәлеметсіз бе, есенсіз бе, амансыз ба?– Ал енді балалар, көзімізді жұмып көз алдымызға өрістегі төрт түлік малды елестетейік. Таңертең жайлауда қой, сиыр, жылқылар жайылып жүр. Айнала тып- тыныш. Алыстан қозының маңырағаны, бұзаудың мөңірегені, құлыншақтардың дауысы естіліп қояды. Сол сәтте төлдердің енелері жан - жағына қарайды, бірақ төлдері көрінбейді. Енді жылқы жануарына мініп, өрістегі малды ауылға қайтарамыз.(Ақырын көзімізді ашамыз). Балалар көз алдарыңа қандай жануарларды елестеттіңдер?Қой, сиыр, жылқы.Дұрыс айтасыңдар балалар бүгін біз оқу іс – әрекетімізде үй жануарларымен танысамыз. Балалар үй жануарларына байланысты мақал –мәтелдер, жұмбақтар | Шаттық шеңбер бойына жиналып, қимыл қозғалыспен орындайды.Көздерін жұмып әуенді тыңдайды. Ауылдағы жайлауда жайылып жүрген үй жануарларын көз алдарына елестеткендерін айтады.Педагогпен бірге мақал – мәтелдер айтады.-Малды баға біл,Бабын таба біл.-Мал өсірсең қой өсір,Өнімі оның көл – көсір.-Ат – адамның қанаты,Ас – адамның қуаты.Жұмбақтарды мұқият тыңдап жауабын айтады.-Түйе.-Қой. |

| | | |
|---|---|---|
| | айтайықшы.Жұмбақтар:Кезікті бір жануар,Үстінде екі тауы бар.Ол не?Кішкентай ғана бойы бар,Айналдырып киген тоны бар.Ол не? | |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | Осы кезде бөлмеге сиыр мен жылқы таласып кіреді. Педагог: -Сендер не үшін дауласып жатырсыңдар?Сонда сиыр:- Мына жылқы үй жануарлары емес аңдарды көп - дейді.Педагог:- Сендер босқа дауласпаңдар қазір біз оны анықтаймыз – дейді педагог. Ол үшін біз балаларға тапсырма берейік.<br>**1 –тапсырма: «Топтастыр».** -Мына суреттегі жануарлардың ішінен үй жануарларын топтастырып беріңдер.-Ал енді балалар, біз осы үй жануарларын үш тілде айтып үйренейік. Педагог қазақ тілінде, сиыр орыс тілінде, жылқы ағылшын тілінде айтады. Үй жануарларының адамдарға беретін пайдасы жайлы әңгімелейді.**2 – тапсырма: «Төлдерін тап».**Тақтадан үй жануарлары мен төлдері көрсетіледі. Төлдерін аналарына сызық арқылы қосып беріңдер.<br>**Сергіту сәті:** Бейнетаспадағы музыка ырғағымен қимыл қозғалысын жасайды.Тіктеп титтей құлағын, ботам былай жүреді. Сыртылдатып тұяғын, бұзау оған ереді.Алға созып мойнын, ойнақтайды ботақан, Көкке қарай мұрынын шүйіреді бұзауқан.Жарайсыңдар!Балалар барлығымыз бір серігіп қалдық.**3 – тапсырма: «Жануарларды даусынан** | Бөлмеге ашуланып кірген жылқы мен сиырға таңданады. Олардың не үшін дауласып жатқанын түсініп, оларды татуластыруға тырысады.<br><br>тақтадағы берілген тапсырмаларды мұқияттындап тапсырмаларды орындайды.Үй жануарларын үш тілде айтып үйренеді.<br>**Сергіту сәті**<br><br>Бейнетаспадағы қимыл қозғалысқа қарап, әнді айта отырып орындайды.<br><br>Балалар бұл төртінші тапсырманы да орындайды.<br><br>Балалар өздеріне ұнаған тапсырманы айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **таны»**Жануарлардың дауыстары музыка арқылы қойылады.<br>Балалар сиыр мен жылқы кетіп қалса да, біздің үй жануарларын қаншалықты жақсы көретінімізді білгісі келген екен. Ендеше соңғы тапсырмаға зер салайық.<br>**4 – тапсырма: Ойын – тренажері «Артығын тап»**Бірнеше суреттің ішінен артық суретті тауып беру. | |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | -Балалар, біз бүгінгі оқу іс – әрекетін ойын арқылы аяқтаймыз.Педагог балалардан қайсы ойынның ұнағанын сұрап, оларды мақтап, мадақтайды. «Қошақаным» әнін орындай отырып, ұйымдастырылған оқу іс – әрекетін қорытындылайды. | Ойынның шартымен танысып, сүт өнімдерін ажыратып береді.«Қошақаным» әнін орындайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**үй жануарларының пайдасын, төрт түлік малдың қалай аталуын біледі.
**Игерді:** төрт түлік малды күтіп - баптауды игереді. **Меңгереді:**не қалай дыбыстай, олардың қимылдарын көрсете білуді меңгереді

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»** **Апталық тақырып:** «Құстар - біздің досымыз»

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Табиғатты сүюге баулу, балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстардың пайдасына тоқталу.Құстар туралы тақпақтар, мақал-мәтелдер айтқызып сөздік қорын байыту.Құстар жөнінде жұмбартар жасырып ойлау қабілеттерін дамыту. Байланыстырып сөйлеуге үйрету.Табиғатқа деген мейірімін ояту, адамгершілікке баулу.Құстардың түрлерімен таныстырып, оларды ажырата білуге үйрету. |

| | |
|---|---|
| **Әдіс-тәсілдері:** | Түсіндіру, сұрақ-жауап,шаттық шеңбер, ойын, тақпақ. |
| **Көрнекіліктері:** | Құстардың суреттері, ұялардың суреттері. |
| **Алдын-ала жүргізілетін жұмыс:** | Құстар туралы тақпақтар үйрету. |
| **Билингвальді компонент**: | құстар – птицы – birds, дос – друг – friend. |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | **Шаттық шеңбері:**Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз, Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламызБалалар қазір жылдың қай мезгілі?-Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болып жатыр?-Көктем мезгілінде неше ай бар?-Атап айтыңдаршы.-Дұрыс-ақ, жарайсыңдар. | Балалар шеңберге тұрып бірге орындайды. |
| **Іздену ұйымдастырушы** | -Ал кәне балалар орнымызға отырып, оқу іс-әрекетімізді бастайық.-Балалар, біздің кең байтақ жеріміздің табиғаты өте сұлу, әрі әдемі. Біздің жерімізге жетер ешбір мекен жоқ.Балалар біз немен демаламыз? Нені басып жүреміз? Ал су не үшін керек?-Дұрыс, балалар, ауамен дем алып, суды ішеміз. Осының бәрін, бізді қоршаған ортаны бір сөзбен табиғат деп атаймыз.Бүгін біз оқу іс-әрекетімізде осы табиғатымызға әдемі көрік беретін құстар жөнінде әңгімелейміз.-Балалар, мына суретте | Балалардың жауабы |

| | | |
|---|---|---|
| | ненің суретін көріп тұрсындар?Осы құстардың атын атап айтыңдаршы.-Балалар құстар туралы не білесіңдер?-Дұрыс-ақ, олар адам өміріне, табиғатқа үлкен пайда кетіреді.Сондықтан біз оларды қорғауымыз керек.**Дидактикалық ойын:** «Дауысынан ажырат»**Мақсаты:** Берілген құстардың дауысынан ажырата білуге үйрету.**Жұмбақ:**Қонып алып жарға,Қарқылдайды...(қарға)-Сәлеметсіз бе, қарға! Сен қайдан ұшып келесің? Неге көңілсізсің?**Қарға:** -Сәлеметсіз бе, балалар! Қарқ-қарқ-қарқ! Менің қарным аш, қонатын ұямда жоқ, тоңып жем таба алмай ұшып келе жатып, сіздердің топтарыңызға байқамай ұшып кіріп кетіппін, кешіріңдер! Қарқ-қарқ-қарқ! Маған көмектесіңіздерші.-Ой, қарға, келгенің жақсы болды! Сен мұңайма, қамықпа! Балалар құстар жайлы әңгімелесіп жатыр еді. Олар табиғатты, құстарды жақсы көреді, аялай біледі, қорғай біледі. Саған да көмекткседі. Кел төрлет, бізбен бірге бол!Балалар қарғаның көңілін көтеріп, тақпақ айтады.**Тақпақтар:**Қарға, қарға, қарғалар,Қар үстінде жорғалар, Боран соқса қар болар,Бұтаға қонар қарғалар.-Балалар, біз құстар туралы мақал-мәтел білеміз бе? Кәне кім айтады?Құс төмен ұшса жаңбыр жауады,Жоғары ұшса күн жылынады.Сауысқан шиқылдаса жақсы хабарестиміз.Құстар – достар, Қыста құсқа жақсылық жасасаң, Жазда жақсылығыңды өтеп береді.**Сергіту сәті:**Қарлығашқа ұқсайық, Кәне қант жазайық, Қарлығаш боп ұшайық, Ұшып-ұшып алайық, Бір-екі-үш, Қарлығаш боп ұш, Төрт-бес-алты, Қарлығаш боп қалқы, Жеті-сегіз-тоғыз-он, Қарлығаш боп қон.-Балалар, орнымызға отырайық -Балалар, суретке қараңдаршы.нені көріп | Құстардың<br><br>Қарға, аққу, үйрек қарлығаш, тоқылдақ, сауысқан, қаз, т.б.<br><br>Құстар біздің досымыз, олар ағаштарды құрт-құмырсқалардан қорғайды,ағаштардың жайылып жақсы өсуіне, түрлі жәндіктерден тазаруына көмектеседі.<br><br>Балалар қызығушылық танытып ойнайды.<br><br>Балалар тақпақтар айтады.<br><br>Балалардың жауабы.<br><br>Балалар серігіп қимылдар жасайды.<br><br>Ұялар<br><br>Балалар топтасып, бірігіп жұмыстанады |

| | | |
|---|---|---|
| | тұрсыңдар?-Дұрыс-ақ, ұяларды көріп тұрмыз.Ұялар ағаштан, балшықтан, ағаштың бұтақтарынан, шөптен жасалған екен. –Ал балалар, ендеше біз қарғаға ермексаздан ұя жасап, сыртын әдемілеп фасоль жапсырып береміз.**Тапсырма:** «Ұя құрастыру»**Мақсаты:**балаларды өз бетімен жұмыстануға дағдыландыру. | |
| **Рефлексивтік коррекциялаушы** | -Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетін нелер туралы әңгімеледік?-Қарғаға не жасап бердік?-Сендерге бұл оқу іс-әрекеті несімен ұнады?Балаларды мадақтап оқу қыметін қортындылау. | Балалардың жауабы |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Табиғат өзгерістерін біледі

.**Игерді:** Табиғатты бағалау, аялау, қорғау қажеттілігін түсінеді.

**Меңгереді:** Құстарға қамқорлық көрсетуді, даусын ажыратуды.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»** **Апталық тақырып:** «Ғажайып қыс»

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Балаларға қыс мезгілі ,жыл мезгілдері жайлы білімдерін толықтыру. Қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру.Жұмбақтар, өлеңдер, тақпақтар арқылы тілдерін ұстарту.Әр мезгілдің өзіндік ерекшеліктерін сүйе білуге тәрбиелеу. |
| **Әдіс-тәсілдер:** | әңгімелесу, қыс туралы өлең оқу,қар мен мұзға тәжірибе жасау, жұмбақ жасыру,ғажайып сәт, ойын сұрақ-жауап. |
| **Сөздік жұмыс:** | ұлпа қар, қырау, аяз, боран. |
| **Көрнекіліктер:** | қыс мезгілінің суреттері. |
| **Билингвальді компонент:** | қыс-зима,қар-снег |

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық**<br><br>**- қозғаушылық** | Балалар саппен кіреді.Шеңберге тұрып қонақтармен амандасу.Балалар бүгін бізге қонақтар келді.Қонақ апайларға жылы лебізімізді білдіріп амандасып алайық.Саламатсыздарма<br><br>**Шаттық шеңбері:**Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық, Күннің нұрын алайық, Таза ауаны жұтайық,<br><br>— Қыс айларын атайық?Қазір қыс мезгілінің қайсы айы?Қыста қалай киінеміз?— Ал, қыста қандай ойындар ойнаймыз?Ия дұрыс айтасыңдар аққала жасаймыз.Дұрыс жарайсыңдар.-Қардың түсі қандай?-қар неге ұқсайды, қар ерісе не болады?-Су қатса не болады?ал балалар мұз қандай болады?**Тәжірибе жасау**Үстел үстінде, қар, 1стақан су, тас,мұз болады.**Сергіту жаттығуы:**Ал енді мен сендерге жұмбақ жасырамын.**Жұмбақ:**Тісі жоқ тістеп алады,Қолы жоқ сурет салады.(аяз)Қыста ғана болады,Ұстасаң қолың тоңады.(қар) **Таңғажайып сәт:**(есікті тақылдатып Аққала кіреді).**Аққала:** салеметсіңдерме балалар, сендер мен туралы айтып жатқандарыңды естіп сендерге келдім.(қолында сумка).-Қараңдаршы балалар бүгін бізге қонаққа аққала келіпті.-аққала бізге қош келдің. | -Саламатсыздарма<br><br>Шаттық шеңбері<br><br>Қаңтар-ақпан-наурыз, Қазір қыс мезгілінің ақпан айы.-Қыста боран, суық, аяз болады.<br><br>Қазір қыс мезгілінің ақпан айы.Қыста боран, суық, аяз болады.<br><br>Қардың түсі ақ<br><br>Қар шекерге, тұзға ұқсайды.<br><br>Су болады.<br><br>Су қатса мұз болады.<br><br>-Түссіз, қатты жеңіл болады |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | **Аққала:**Мен сендерге тапсырмалар ала келдім.-Аққала бізге көптеген тапсырмалар ала келіпті.-қане балалар олай болса аққаланың әкелген тапсырмаларын орындайық.Аққаланың тапсырмалары:**1 тапсырма**:«**Триз» ойыны: «Полечудес»2-тапсырма:** қыс туралы тақпақ айту.Қандай қызық қыс деген, Қалтырайды құс деген, Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген.**3-тапсырма:Сергіту сәті:**-Балалар ендеше орнымыздан тұрып сергіту жаттығуын аққаламен бірге орындайық. Аққала біздің балалар сіздің берген тапсырмаңыздың бәрін орындады, тағы қандай тапсырмаңыз бар келіп айтыңыз.<br><br>**Аққала:** жарайсыңдар балалар менің акелген тапсырмамның бәрін дұрыс орындадыңдар.-ой, ой мен еріп барамын.Балалар мына жер ыстық екен,-Балалар аққала жылы жерге келіп еріп барады, біз оған көмектесейік.<br><br>**Желіммен жұмыс:**Аққала жапсыру (мақтамен).<br><br>**-Аққала:** Рахмет балалар сендер менің тапсырмаларымды орындадыңдар және маған көмектестіңдер рахмет сендерге өте ақылды, тапқыр екенсіңдер сендерге алғыс айтып, мен өзіммен бірге алып келген сыйлығымды берейін.(бесжұлдызша).-Ал балалар мен еріп кетпей тұрғанда қайтайын.сауболыңдар.Балалар аққаламен қоштасайық | Сәлеметсізбе<br><br>-балалар мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар полечудесті айналдырады, қай суретке келіп тоқтаса, сол суретке қарап не екенін толық жауап береді.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>-Балалар қимылмен көрсетіп орындайды.<br><br>Балалар аққалаға көмектеседі<br><br>Аққала жапсырады.<br><br>Аққаламен қоштасады.<br><br>Сауболыңыз. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар бүгін біз жылдың қай мезгілі туралы әңгімелестік? Бүгін бізге қонаққа кім келді?Барлығымызға ұнадыма?Жарайсыңдар балалар енді келген қонақтарымызбен қоштасайық. | Қыс мезгілі туралы таныстық.Қардың еруі туралы, мұздың қатуы туралы. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Балалар қыс мезгілі туралы толық білім алады.

**Игереді:** қыс туралы жұмбақ шешу, тақпақ айту, сөйлем құрауды.

**Меңгереді:** көріп білгендерін толық айта білді.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»** **Апталық тақырып:** "Ғажайыптар әлемі"

| | |
|---|---|
| | Балаларды табиғат аясындағы жанды және жансыз заттарға қамқорлық |

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | жасауға баулу оның қажеттілігін түсіндіру. |
| **Алдын-ала жұмыс және оқу қызметіне дайындық:** | Қоршаған орта туралы әңгімелесу |
| **Сөздік жұмыс:** | Өлі , тірі табиғат. |
| **Дидактикалық құралдар:** | Суреттер, ойын. |
| **Билингвальді компаненті:** | Табиғат-природа, адам-человек, ағаш-деревея. |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Біз қандаймыз, қандаймыз<br>Шұғылалы таңдаймыз<br>Күлімдеген күндейміз<br>Ренжуді біз білмейміз | Балалар шеңберге тұрып, тәрбиешімен бірге өлең жолдарын қайталайды. |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | - Балалар таңертең ұйқыдан тұрғанда кімді көресіңдер?<br>- Далада, балабақшаға келе жатқанда нені көресіңдер?<br>- Балалар қалай ойласыңдар, күн, су, ауа керек пе?<br>- Осының барлығын бір сөзбен айтқанда не дейміз?<br>Табиғат екіге бөлінеді: Өлі табиғат және тірі табиғат. Кәне бәріміз қайталайық.<br>- Өлі табиғат және тірі табиғат.<br>- Өлі табиғатқа су, ауа, жер, күн, бұлт.<br>- Топтағы балалар, гүлдер олар тірі табиғат.<br>- Ал тірі табиғатқа: адамдар, құстар өсімдіктер, | - Әке, ана ата, әже<br><br>- Аспан, бұлт, машина, ит, ағаш, мысық, жер.<br>- Ия, күн, су, ауа бізге керек.<br>- Табиғат.<br>- Өлі табиғат және тірі табиғат.<br>- Жаңбыр, құм бұл өлі табиғат.<br>Мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар мұқият тыңдайды.<br>Балалар зертханаға барады.<br><br>- Су. |

| | | |
|---|---|---|
| | гүлдер жатады.<br>Ал енді балалар біз бірінші өлі және тірі табиғаттың айырмашылығын білу үшін зертханаға барайық.<br><br>**1 тапсырма: Зертханалық жұмыс:**<br><br>-Балалар менің қолымдағы не?<br>-Балалар су қандай?<br>- Түсі қандай?<br><br>- Дәмі барма?<br>- Суды қалай пайдаланамыз?<br>Су керек пе?<br><br>Балалар білесіңдереме? Судың дыбысы болады.<br>- Балалар судың пайдасы мол. Су түрлі өзгеріске ұшырайды, бұға айналады, бу қайтадан су күйінде жаңбыр болып жауады, су мұз болып қатады.<br>**2 тапсырма.Тірі табиғатқа не керек?**<br><br>-Балалар сендер тақтадан ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br><br>Балалар бұл тапсырмада, гүлге не қажет екенін түсіну. Гүлдің қалай өсіп жетілетінін білу. Гүлге керекті заттарды жинақтау.-Гүл өсіп, өніп шығу үшін не қажет?<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,Алдымнан жел еседі.Кіп-кішкентай ағаштар,Үп-үлкен болып өседі.<br><br>**3 тапсырма. «Өлі және тірі табиғатты** | - Су мөлдір, таза, сұйық зат.<br>-Түсі жоқ (түссіз)<br><br>- Дәмі жоқ.<br><br>- Суды ішеміз, кір жуамыз, тамақ істейді.<br>-ия керек<br><br>-Балалар таң қалып, судың дыбысын естиді.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>-Гүлдің.<br><br>Балалар мұқият тыңдайды.<br><br>-Топырақ, су, жылу, күннің көзі, ауа, жарық керек. Балалар тапсырманы орындайды.<br><br>Іс-қимылмен жасап көрсетеді.<br><br>Балалар мұқият тыңдап, тапсырманы қызыға орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | **байланыстыру» Игравизор**<br><br>Балалар бұл тапсырмада бізге өлі және тірі табиғат иелері берілген. Сол тіршілік иелерінің байланысын табуымыз керек. | |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | -Балалар бүгін біз сендермен не тураты өттік?<br><br>-Қалай ойлайсыңдар табиғатты қорғауымыз керек пе?<br><br>-Біз қайда бардық?<br><br>-Не көрдік? Және т.б. Балаларды<br><br>мақтау,мадақтау | -Табиғат. Өлі және тірі табиғатты<br><br>-Иә, қорғауымыз керек.<br><br>-Зертханаға, -Суды, гүлді, өлі және тірі табиғатты.Балалар тәрбиешіні тыңдап, қойған сұрақтарға толық жауап беруге тырысады. |

**Күтілетін нәтиже: Біледі:** Табиғат туралы білімдерін бекіту. **Игереді:** Өлі және тірі табиғат туралы айырмашылығын көру. **Меңгереді:** Өз жерінің табиғатын сүюге тәрбиелеу

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»** **Апталық тақырып:** « Көліктер»

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Жер, жер асты, әуе, су көліктері туралы түсінік беру. Жер үсті көліктерінің түрлері: жолаушы, жүк тасымал, арнаулы көліктер болып бөлінетінін түсіндіру. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру, көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейту.Балаларды көшеде жүру ережелерімен, бағдаршам, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Көшеде жүру ережелерін сақтай білугу үйрету. |
| **Билингвальді компонент:** | көлік – траснспорт, самалет – ұшақ. Қайық – лодка, траллейбус, трамвай, машина, катер. |

| | |
|---|---|
| **Технологиялық қамтамасыз ету:** | әліппе дәптер, мазмұнды суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | **Шаттың шеңбері:**Арайлап таң атты,Күн шуағын таратты.Қайырлы таң алтын күн.Қайырлы таң достарым. | Шаттық шеңберін бірге орындарынан тұрып орындайды. |
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | Балалар мен сендерге мынандай сұрақ қойғым келіп тұр.-Көліктер неше және қандай түрлерге бөлінеді?-Қаланың бір шетінен екінші шетіне қандай көліктер қатынайды? Ол қандай көліктер?-Бүгін тез арада Астанаға жетуің керек, қалай жетесің?- Теңіздің арғы бетінде бір елге баруың керек, қалай жетесің?(Балаларға біраз түсінік беру)<br><br>-Жол заңы дұрыс жүріп , абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны , шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны ,қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Әрбір бала «Жолда жүру ережесі» білу керек.- Балалар, бір қаладан екінші қалаға қандай көліктер арқылы барамыз?<br>- Қала, ауыл ішінде қандай көліктер қатынайды?-Адамға көлік не үшін керек? Қандай көлік түрлері бар?-Ертеде адамдар алыс жерлерге қандай көлік түрлерімен жеткен?**Ойын: «Ұшты, ұшты»1.«Орнын тап»**Бұлттың астына ауада ұшатын көліктерді,судың астына суда жүретінін, жолдың астына жерде жүретін көліктерді ілейік.<u>көлік – траснспорт, самалет – ұшақ. Қайық – лодка, тралейбус, трамвай, машина, катер. Естеріне сақтап алындар.</u>**Тест тапсырмалары.**1. Әуе көлік түрін | Сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>Мұқият тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>Ойынға барлығы белсене қатысып, серігіп алады.<br><br>Көліктерді дұрыс орналастырады.<br><br>Жаңа сөздердің аудармасын естерінде сақтап алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | көрсетіңіз.А) пойыз; В) тікұшақ; С) автобус;Д) трамвай;2. Көлік түріне жатпайтынды белгілеңіз.А) велосипед В) әткеншекС) есекД) мәшина<br>3. Жолаушы автобуста не төлейді?А) салық; В) жолақы;С) еңбекақы;Д) кітап;<br><br>**Шағын көрініс көрсету.**<br><br>І . Жүргізуші автобус айдайды. Аялдамаға тоқтағанда әже отырады.Бала оған орын бермейді. Сенің айтар ақылың........<br><br>ІІ. Жол үстінде бір топ балалар футбол ойнап жатыр. Сен автобус жүргізушісің, сенің балаларға айтар ақылың......Жұмбақ шешу.<br><br>1.Көше бойлап аяңдайды,<br><br>Адам тасып аялайды. (Автобус)<br><br>4. Жоқ өзінде бас та , ауызда да , құлақ та ,<br><br>Бақырайған үш көзі бар бірақта.<br>(Бағдаршам)<br><br>7. Қазша қанатын жаяды<br>Үйрекше мойнын созады.<br>Құсша қонады. (Ұшақ) 8. Күндіз - түні күрсінеді,<br>Жүрген жері сілкінеді. (Пойыз)<br>10. Бірінің ізін бірі басады,<br>Біріне жеткізбей, бірі қашады. (Дөңгелектер)<br>-Өте жақсы,балалар! | Әуе көлігі тікұшақ.<br><br>Көлік түріне жатпайтындар: әткеншек.<br><br>Жолаушы автобусқа жолақы төлейді.<br><br>Жүргінші жол жүру ережесін білу керек.<br><br>Балалар жұмбақ шешімін табады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлекстік - жинақтаушы** | -Балалар бүгін сендер қандай тақырыпта әңгіме құрадыңдар?-Бір жерден бір жерге қатынау үшін бізге не керек?-Қандай дидактикалық ойын ойнадыңдар?-Сабақ сендерге ұнады ма?-Несімен ұнады?(Балаларды мадақтау) | Балалар сұрақтарға толық жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:Біледі:** Жер, жер асты, әуе, су көліктері туралы.**Игереді:** Байланыстырып сөйлеу дағдылары.**Меңгереді:** Көшеде жүру ережелерін.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»** **Апталық тақырып:** "Электроника әлемі"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Қарапайым ақпарат көздерін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ересектермен әңгімелесу, телехабар, компьютерлік ақпараттар және олардың мазмұнына қызығушылығын қалыптастыру, арттыру. Балалардың ойлау қабілеттерін ойын арқылы туындату және тұлға дамыту. Қызықты ойындар арқылы елестету және қиял болжамдарын дамытып, тіл байлығын , таным өнерін, сөздік қарым-қатынастарын дамыту. Дәстүрден тыс сурет салуға дағдыландыру. |
| **Міндеті:** | Заттар әлемі қарапайым ақпарат көздері туралы түсініктерін қалыптастыру. |
| **Билингвальді компонент:** | Ақпарат-информация, телехабар-телепередачи |

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ұйымдастыру шылық ізденістік** | Балалар топ бөлмесінде жарты-лай шеңбер болып отырады.<br>- Сәлеметсіңдерме балалар?<br>- Көңіл-күйлерің қалай?<br>- Бүгінгі оқу іс-әрекетіміз ерек-ше болғалы тұр, қараңдаршы бізге қонақтар келіпті.<br>**Шаттық шеңбері: сәлемдесу** Осы кезде тәрбиешінің ұялы телефонына хабарлама келеді. Хабарламаны оқып, бал-ға қарап:<br>- Балалар маған Алматы қаласындағы «Балапан» б/б-н хабарлама келді. Бізге поштамен тапсырмалар жіберіпті. Пошташы келгенше ақпарат туралы әңгімелейік. Ақпарат – дегеніміз не?<br>- Жаңалықты қайдан естиміз ?<br>- Ақпарат істің жағдайы,қандай бір болмасыын оқиға немесе біреудің қызметі туралы хабарлау.<br>Ақпарат, яғни информация: түсіндіру, баяндау, хабар ету дегенді білдіреді. Адамдар бір-бірімен телефон арқылы сөйлесу, теледидар көру, газет-журнал оқу, я болмаса компьютерді қолдану арқылы ақпарат алады.<br>-Компьютер не үшін қажет?<br>- Жаңа сөздерді қайталап айтып шығайық: компьютер, ақпарат, интернент.<br>Тәрбиеші балалардың шаршағанын басу үшін бой сергіту жаттығуын жасауға ұсыныс жасайды.<br>Балалар еліміздегі жаңалықты біз теледидар арқылы көреміз. Отбасы жайлы қысқаша көрініс көріп жіберейік . Тәрбиеші балалардың жұмысын көрме | Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылып. Құтты қонақ келіпті, Төріме міне еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, қанекей бәріміз, «Сәлем» - дейік үлкенге ,<br>Жаңалық , хабарлама .<br>- Теледидардан, радиодан, адамдар-дардан, телефоннан, компьютерден, интернеттен.<br>- Ойын ойнаймыз.<br>- Мультфильм, кино көреміз.<br>- Ағаларымыз агентке кіріп сөйлеседі.<br>- Біз Алматыда оқудағы әкпеммен бір-бірімізді көріп сөйлесеміз.<br>**Жаңа сөздер:**<br>-Компьютер, ақпарат, интернент.<br><br><br><br><br><br>**Саусақ жаттығуы**. Пошта арқылы хат жазып, телефон арқылы, компьютер арқылы. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | ұйымдастыру арқылы бағалайды.<br>-Бүгін бізге қонаққа кім келді?<br>-Пошташы апайды таныдыңдар ма?<br>- Бізге тапсырмаларды қайдан әкелді?<br>- Хабарды, жаңалықты қалай жылдам жеткізуге болады?<br>-Өте тамаша, жарайсыңдар балалар, дұрыс айттыңдар. | -Сау болыңыз. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Электроника әлемі туралы өз ойларын еркін айта алады

**Игереді:** Электроника әлемі туралы түсініктерін игереді

**Меңгереді:** Ойынды меңгеріп қызыға ойнады

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»** **Апталық тақырып:** " **Мамандықтың бәрі жақсы** "

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Мамандық иелері туралы түсініктерін кеңейту. Сөзді байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.Мамандық иелерінің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. |
| **Билингвальді компонент:** | Аспаз-повар- cook, мұғалім-учитель- teacher, дәрігер-врач- doctor. |
| **Қолданатын көрнекіліктер:** | Мамандық иелерінің суреттері. |

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Тәрбиеші балабақшаға келе жатып кітап тауып алғанын айтып, балаларға кітапты ашып өлең оқып береді. Мамандықтар туралы өлең оқып, мазмұнын түсіндіреді.<br>Суретпен жұмыс.<br>Суреттегі мамандық иелерін және олардың атқаратын қызметтерін сұрау.<br>Дид/ойын: «Қай мамандық иесі?»<br>- Тарағы бар қолында,<br>Кімді айттым ойымда?<br>- Қалағы бар қолында,<br>Кімді айттым ойымда?<br>- Ожауы бар қолында, | Балалар қызығушылықпен қарайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру шылық - ізденістік** | Кімді айттым ойымда?<br>- Күрегі бар қолында,<br>Кімді айттым ойымда?<br>Суретпен жұмыс.<br>«Менің болашақ мамандығым» тақырыбында балалармен әңгімелесу.<br>«Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны.<br>Мақсаты: мамандықтардың қызметі туралы білімдірін бекіту.<br>Қойшы балаларды оқытып жүр.<br>Жүргізуші машина жүргізеді<br>Аспазшы үй салып жүр.<br>Жазушы хат, газеттер тасып жүр.<br>Дәрігер етік тігіп отыр.<br>Мұғалім балаларды емдеп жүр.<br>Ұшқыш әдемі киім тігеді.<br>Өрт сөндіруші өртті сөндіреді.<br>Суретші сахнада ән айтып тұр.<br>Сөздік жұмыс.<br>Аспаз- повар- cook<br>мұғалім- учитель- teacher<br>дәрігер- врач- doctor<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Балалар тәрбиешінің әңгімесін мұқият тыңдайды.<br><br>Бұл-дәрігер. Ол адамдарды емдейді.т.б<br><br>Шаштараз<br><br>Құрылысшы<br><br>Аспаз<br><br>Диқан | Балалар болашақта қандай мамандық иелері болғысы келетіндері туралы әңгімелеп айтады.<br><br>Балалар дұрыс емес жерлерін түзетіп айтады. Қайталап жатқа айтады.<br><br>Балалар мағнасын түсініп, жатқа айтады.<br><br>Балалар тәрбиешінің мадақтағанына риза болады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Сергіту сәтін қимылмен орындайды**.<br>Рефлекция – түзету жұмыстары<br><br>**Дид/ ойын: «Кім көп біледі?»**<br>Мақсаты: Сұрақтар қоя отырып алған білімдерін тиянақтау.<br>- Бүгін кімдер туралы айттық?<br>- Қандай мамандық иелерін білесіңдер?<br>- Біздің балабақшада кімдер қызмет етеді?<br>Мақал-мәтел жаттау.<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарнын тіленбей.<br>Балаларды мақтау, мадақтау.<br><br>Балалар мамандық иелері туралы айтылғандығын және оларды атап, балабақшада тәрбиеші, аспаз, дәрігер т.б қызметкерлкер еңбек ететінін айтады. | |

**Күтілетін нәтиже**:

**Біледі:** Мамандық иелерін атай біледі.

**Игереді**: Мамандық иелерінің қандай қызмет ететінін біледі.

**Меңгереді:** Берілген сұрақтарға жауап беріп, әңгімелей алады.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Салт-дәстүрлер мен фальклор» Апталық тақырып:**"Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері"

| | |
|---|---|
| | Әдептілік-әдемілік әліпесі туралы мағұлмат беру,және оны балалар рөлде |

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | ойнау арқылы түсініктерін кеңейту. Туған елдің салт-дәстүрімен таныстырып оның ішінде бесікке салу салты жайлы ұғымдарын қалыптастыру. Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын балалардың бойына сіңіру, бала бойында әдептілік және алғырлық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, жаман мен жақсыны ажырата білуге, ұлттық мақтаныш сезімдерін ояту. Халқымыздың салт-дәстүрі туралы білімдерін дамыту.Бала әлдиін көркем сөздер арқылы дамытып жанр арқылы түсіндіру. Салт-дәстүрге,әдептілікке деген қызығушылығын арттыру,құрметтеуге тәрбиелеу.Үлкенді сыйлау,кішіге қамқор бола білуге тәрбиелеу. Балаларды инабаттылыққа тәрбиелеп, ата-бабаларымыздың асыл мұраларын түсіндіру. Көрініс арқылы өнеге мен тәрбиені неден алу керектігін үйрету; |
| **Әдіс-тәсілдері:** | түсіндіру, сұрақ-жауап,әңгімелесу, ойындар |
| **Көрнекіліктер:** | Ұлыттық бұйымдар, ғажайып сәттер. |
| **Билингвальді компонент:** | Салт-дәстүр-традиция и обряд,ұрпақ-поколения,бесік жыры-колыбельная песня. |

| **Оқу іс-әрекеттері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Топта жағымды ахуал туғызу.<br>Шаттық шеңбері:<br>Балалар, біз ең алдымен қоршаған ортамен және келген қонақтармен амандасып алайық, кане шеңберге тұрайық.<br>-Өте жақсы балалар! Балалар бізге бүгін апайлар қонаққа келіпті апайларға не деп | Балалар шеңбер бойына тұрады.<br>*Сәлем саған Алтын күн!*<br>*Сәлем саған Көк аспан!*<br>*Сәлем саған Жер ана!*<br>*Сәлем саған Қоршаған орта!*<br>*Сәлем бердік бәріңе!* |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру шылық ізденістік** | айтамыз.<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Бұл күздің нешінші айы?Сонымен біз күз айымен қоштасамыз келесі жылға дейін,келесі келетін жыл мезгілі қандай?Балалар бәріміз мында қарайықшы слайд көрсек қалай болады.<br>-Балалар біз слайдта не көрдік ?<br>Ия тағы не көрдік? Балалар кім кәне әдептілік жайлы тақпақтар біледі.<br>**Ойын:**<br>Автокөлік ыңғайлы автобусқа мінемін.<br>Онда қалай отырып тұру мәнін білемін,<br>Кимелемей итермей,алға қарай өтемін.<br>Билет алып,жайғасып,аялдамамды күтемін,<br>Әдептілік әлібін әр кез сақтап жүремін,<br>Егер кірсе қарт кісі тұрып орын беремін.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты көреміз      Бәрінеде ізетпен<br>Біздер сәлем береміз.<br>Өте жақсы балалар жарайсыңдар.Балалар кәне енді тағы бір слайдтты көремізбе?Олай болса кәне көрелік.<br>- Балалар, біз әдептілік туралы не білдік?<br>- Жарайсыңдар балалар рахмет сендерге сендер бүгін оқу іс-әрекетіне жақсы қатыстыңдар мен сендерге бүгін мынадай смайликтар берем. | Балалар сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Балалар енді біз қонақтарымызға рахмет айта отырым мына жүрекшелерді апайларымызға сыйлаңыздар. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Әдептілік әліпесі жайлы қазақ салт дәстүрі жайлы.

**Игереді:** Үлкенге құрмет көрсете білу.

**Меңгереді:** Сұрақтар қоюды және оларға жауап беруді; Бесікке салу ережелерін

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Салт-дәстүрлер мен фальклор»** **Апталық тақырып:** "Ертегілер елінде. Театр әлемі"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету. |
| **Қолданылатын көрнекі құралдар:** | атрибуттар, хрестоматия. |
| **Билингвальді компоненті:** | ертегі-сказка, кейіпкер-персонаж |

| Оқу іс-әрекеттері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ұйымдастырушылық ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br>Достар, достар, жүрсің қайда,<br>Бірге еді ғой жанымыз.<br>Көмек сұрап бір-бірінен<br>Жеңіп шықтық бөріміз.<br><br>***Кіріспе әңгіме.***<br>- Балалар, бүгін біз оқу іс-әрекетінде «Шалқан» ертегісін алдымен оқып, одан кейін мазмұнын талдап, әрбір бала осы ертегіні, өз ойларын, қаншалықты түсінгенін жеткізеді. Ертегіні оқып беру.<br>***Сұрақ-жауап*** арқылы әңгімелеу.<br>- Балалар қандай кейіпкерлерді естеріңде сақтай алдыңдар?<br>- Шалқан қайда өседі?<br>- Атай көмекке кімді шақырды?<br>- Әжей кімді шақырды?<br>- Немере қыз кімді шақырды?<br>- Күшік кімді шақырды?<br>- Мысық кімді шақырды?<br>- Сонымен, бәрі бірігіп не істеді?<br>- Ендеше, балалар, осы ертегідегі кейіпкерлердің атрибуттарын алып, ойынды сахналаймыз.<br><br>Әжейді<br>Немере қызды<br>Күшікті<br>Мысықты<br>Тышқанды<br><br>**Сергіту сәті:** | Балалар шеңбер бойына тұрып орындайды<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Зейін қойып |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Ұзын құлақ, сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br><br>Ертегіні сахналау.<br>***Қорытындылау.***<br>Қазақтың мақал-мәтелдерін айтқыза отырып, оқу іс-әрекетін аяқтау.<br>«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»<br>демекші, бірліктің арқасында<br>шалқанды жұлып алды.<br>Жақсы бала еңбекшіл<br>Ер азамат болады,<br>Қиындықты жеңсе кім,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай<br>Болайықшы, досым-ай.<br>Рөлге бөлініп сахналайды.<br><br>Балалар бүгінгі сабағымызда не үйрендік?<br>Балалар ертегі туралы не білдік?<br>Балалар театр дегеніміз не?<br><br>Бүгінгі сабағымыз осымен аяқталды, сау болыңдар! | тыңдайды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Балалардың жауабы.<br><br><br><br><br>**Сау болыңыз!** |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ертегінің мазмұнын.

**Игереді:** кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасауды.

**Меңгереді:** сахналау арқылы ертегіні көрсете білуді.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Салт-дәстүрлер мен фальклор»** **Апталық тақырып:** "Өнер көзі халықта"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Сурет салу барысында ырғақ, пішін, түрлі-түстерді сезінуін бірте-бірте дамыту. Қол қимыл қозғалысын жаттықтыру. Қарапайым заттарды бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. |
| **Әдіс – тәсілдері:** | дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістер, ролик арқылы түсіндіру, сұрақ – жауап. |
| **Билингвальді компоненті:** | өнер-искусство |

| Оқу іс-әрекеттері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br>Қайырлы күн!Әсем күннің шуағы,<br>Қайырлы күн!Жасыл әлем тіршіліктің қуаты! | Балалар шеңберге тұрып сәлемдеседі. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру шылық ізденістік** | Қайырлы күн!Отан,елім,жеріме.<br>Қайырлы күн!Саған,маған,сізге де.<br>Қайырлы күн достарым!<br><br>Ал, балалар бүгінгі сабағымызды бастайық**,** Әженің жіп иіріп отырған немесе сырмақ тігіп отырған суретін көрсетіп әңгімелеу арқылы балалардың ой-қиялын дамыту жіптердің түстерін сұрай отырып, түстер жайындағы ұғымдарын нақтылау. Тәрбиеші жіпті көлденеңінен және тігінен ұстап көрсетеді. Бормен тақтаға салады. Ақ қағаздың екі шетіне тігінен сызып жіптер салады. Ал, егер (шумақталған) оралған жіп болса бір нүктеден бастап айналдырып салу тәсілін керсетіп, ауада салып көреді. Жұмыс барысында сызықты батыл, үзіліссіз сызулары қадағаланады. Қолдың қимыл-қозғалыстарының қай бағытта жүргізуге икемділіктері бақыланады.<br><br>Сурет салуды аяқтаған кезде түрлі-түсті жіптерді тақтаға іліп қойып<br><br>**"Қандай түсті жіп орнында жоқ" дидактикалық ойын** ұйымдастырылады.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>Бала, бала балақан,<br>Кәне, қайсы алақан.<br>Саусақтарын әйбат, | Балалар сурет бойынша әңгімелейді, сұрақтарға жауап береді. Жіптің түстерін айтады. Балалар жіптің қалай орналасқанын, кандай түспен салатындарын қалауы бойынша таңдайды. Екі шетіндегі жіптің ортасына шумақталған жіптің суретін сызып салады. Қандай түсті жіп ойының ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Былай-былай ойнат.<br>Топ-топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн<br>Жаса, жаса жарқын күн<br><br>Сабақ соңында балалар іс-әрекетіне талдау жасалып қорытындыланады. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** сурет салу барысында ырғақ, пішін, түрлі-түстерді сезінуін бірте-бірте дамытады.

**Игерді:** Жіптің түстерін ажырата біледі, суретін салуды игереді.

**Меңгереді:** қарапайым заттарды бейнелеу дағдыларын қалыптастырады, қарындашпен жұмыс істеу іскерліктеріне машықтанады.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Салт-дәстүрлер мен фальклор»** **Апталық тақырып:** "Нұрын төккен, гүл көктем"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Көктем мезгілінде болатын өзгерістер жайлы балаларға түсіндіру. Табиғаттағы құбылыстарды бақылай отырып, сүйіспеншілікке, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Суретке қарап әңгіме құрастыру арқылы баланың сөздік қорын дамыту. |
| **Сөздікпен жұмыс:** | Шуақты, жер көйлегі. |
| **Әдіс тәсілдері:** | Сұрақ - жауап |
| **Билингвальді компонент:** | Көктем – весна, ай – месца, құс - птицы, гүл - цветы |
| **Көрнекі құралдар:** | Көктем суреттері, құстар |

| **Оқу іс-әрекеттері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балалар шеңбер бойына жиналып өлең жолдарын қайталайды.<br>Көктем, көктем, көктемде,<br>Құстар келіп жеткенде,<br>Қуанып бір қаламыз<br>Әнмен қарсы аламыз<br>Сұрақ - жауап<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем мезгілі неше айдан тұрады?<br>- Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>- Көктем айында қандай ұлттық мерекені тойлаймыз? | Балалардың амандасуы.<br><br>Сұраққа жауап алу. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру шылық ізденістік** | Күн, күн, сен неге күлімдейсің?<br>Көктем келді<br>- Жаңбыр, жаңбыр, сен неге ыртылдайсың?<br>Көктем келді.<br>- Бұлақ, бұлақ, сен неге сылдырайсыңдар?<br>Көктем келді.<br>- Құстар, құстар неге сайрайсыңдар?<br>Көктем келді.<br>Көктемнің алғашқы гүлі қандай гүл – бәйшешек.<br>Көктемнің алғашқы құсы – ұзақ.<br>Жер қандай түске өзгереді?<br>- Жерде не өседі?<br>Н. Мұқатовтың көктем мезгіліне арналған өлеңін оқып беру.<br>Күншуақты кез келді<br>Көп көрініс көзде енді<br>Жерге сіңіп қалың қар.<br>Жер көйлегі өзгерді.<br>Тыныштық сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Гүлдер»**<br>**Сергіту сәті**<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап демалам.<br>Қанатымды бір қағып.<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>Дәптермен жұмыс «Көктемгі еңбек» сурет бойынша әңгіме құрастыру.<br>Жұмбақ шешу<br>Күн ұзарып, қар еріп,<br>Су сайларға толады.<br>Бөбектерім айтыңдаршы, | |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Бұл қай кезде болады? Мәтінді мұқият оқып беру, түсіндіру<br>Сұрақ - жауап алу<br>Хормен айту<br>Ойын ойнау<br>Сергіту сәтін қимылмен жасау<br>Жұмбақ шешу.<br><br>Қорытындылау<br>Көктем мезгілі несімен ерекшеленеді?<br>Ауа райында қандай өзгеріс болды.<br>Ағаштар қалай өзгерді<br>Көктем мезгіліне арналған өлең айтып бер.<br>Мадақтау. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Көктем айларын жатқа білу керек

**Игереді:** Көктемде тіршілік оянады.

**Меңгереді:** Көктем айында наурыз ұлттық мерекені тойлаймыз

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»** **Апталық тақырып:** "Аялайық гүлдерді"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Көктем гүлдері, бөлме, дала гүлдері туралы туған жердің табиғатына сүйіспеншіліктерін ояту. Корейдің сакура ағашымен таныстыру. Пішіндер арқылы гүлдер құрастыруға дағдыландыру. Ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қиялын көркемдік талғамын дамыту. |

| | |
|---|---|
| | |
| **Көрнекі құралдар:** | Суреттер, үн таспа, түрлі түсті қатты қағаз, үлестірмелі пішіндер, дәнді дақылдар, сакура талы, пластмасса бөтелке және сүлгі. |
| **Билингвальді компонент:** | гүл – цветок – flower, көктем – весна - spring.<br>Сакура-сакура- Sakura |

| Оқу іс-әрекеттері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ұйымдастырушылық ізденістік** | Балаларға қонаққа Гүл патшайымы келеді.Балалар гүл патшайымының келгеніне және құстардың , жаңбырдың дауысын естіп таңдана қуанады.<br>Балаларды гүлдер, дала гүлдері мен таныстырады.<br>-Балалар, қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер сол жұмбақтың жауабын тауып көріңдерші!<br>Ақ қар еріп, су көбейіп, Сай салаға толады.<br>Ағаш басы бүршік ашып,Гүл бәйшешекке толады.Бөбектерім айтыңдаршы,<br>Бұл қай мезгіл болады? -Дұрыс балалар, қазір көктем мезгілі.Орыс тілінде көктемді весна деп айтамыз. Ағылшын тілінде spring деп айтады. Қане қайталап айтайықшы.<br>-Көктем мезгілінде неше ай бар?-Қазір көктемнің қай айы?-Көктемде табиғат өзгерістері қандай болады?<br>- Дұрыс, балалар, көктемнің ерекшеліктерін жақсы біледі екенсіңдер.<br>- Ал, енді көктем гүлдерін тамашалайық, қане мына гүлдердің аттарын атайықшы.<br>-Гүлдер қайда өседі?<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар, гүлдер орманда, далада, бөлмеде өседі екен.<br>-Гүлдер әдемі болып өсу үшін не қажет?<br>Гүл ханшайымы келеді.<br>**Гүл ханшайымы:** | Балаларды көктем жыры әуенімен елең еткізеді.<br><br><br><br><br><br><br><br>Балалар ойынды қызыға ойнайды.<br><br><br><br>Балалар топтарға бөлініп, жұмысқа кіріседі.<br><br><br><br><br><br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | -Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>-Мен «Гүл ханшайымымын». Мен гүлден жаралғанмын.-Балалар сендер менің келгеніме қуанып тұрсыңдар ма? Сендерді таныстыруға өзіммен бірге сакура ағашының бұтағын ала келдім. **Сакура – ағашы** –Орта Азия елінің символы болып саналады. **Сакура** мамыр қарсаңында гүлдеп шыға келеді.<br>**-**Балалар, біз қай елдің дәстүрлерімен танысып жүрміз.<br>**Гүл ханшайымы:**<br>**-**Гүлдер туралы тақпақ білесіңдер ме?<br>**Қимылды ойын: «Қораздар»**<br>Тәрбиеші балаларды топтарға бөледі.<br>«Қызғалдақ» тобы қызғалдақ пішіндерден қызғалдақ гүлін құрастыртады.«Бақ-бақ» тобы дәнді дақылдардан бақ-бақ гүлін жапсырады.«Сакура» тобы сакура талын қауырсын бөтелкенің көмегімен гүлдетеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап демалам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>Жұмбақ<br>Өзі сондай нәзік, су құйсаң кетеді алақанын жазып.Балалар қызығушылық танытады.<br>-Көктем мезгілі<br>-Весна (Қайталап айтады)<br>-spring<br>-Үш ай бар.наурыз, сәуір, мамыр.<br>- Сәуір айы-Күн жылынады-Қар ериді<br>-Жылғалардан су ағады<br>-Шөп шығады<br>-Ағаштар бүршік жарады<br>-Құстар ұшып келеді<br>-Гүлдер өседі<br>-Бәйшешек<br>-Бақ-бақ | Өсе берші нұрланып,<br>Өсе берші ырғалып.<br>Гүлдер нәзік болады<br>Қаулап өсіп толады.<br>Қарамасаң аялап<br>Солып, қурап қалады.<br>Бәйшешектен білеміз<br>Көктем келіп қалғанын.<br>Мәз боламыз, күлеміз<br>Көрсек бүршік жарғанын.<br>-Үлбіреген бақ-бақ,<br>Үлпілдеген аппақ.<br>«Уф», - десем бақ-бақ,<br>Ұшасың ғой қаптап.<br>Балалар бой сергітіп алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | -Қоңыраугүл<br>-Қызғалдақ гүлі<br>-Түймедақ<br>-Гүлдер далада, бөлмеде, орманда өседі.<br>Топырақ, күннің көзі, су қажет.<br>Сәлеметсіз бе, Гүл ханшайымы!<br>Біз не білдік?<br>Балаларға сенің гүлің сондай әдемі деп мақтау айтады.<br>Қонақтарға Сакура талын гүлдендіруге өтініщ жасайды.Балалар Сакура талының гүлденгеніне қуанып қалады. Гүл патшайымымен қоштасады. | |

**Күтілетін нәтиже: Біледі:** Гүлдерді, көктем гүлдерін**;**
**Игерді**: Дала гүлдері мен бөлме гүлдерін ажыратуды, Сакура ағашының көктемде гүлдейтінін;
**Меңгереді:** жұмбақтарды шешуді, сұраққа жауап беруді, құрастыруды;

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»** **Апталық тақырып: "Ас атасы - нан"**

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу.Нанның адам үшін маңыздылығы, нанның бидайдан жасалатынын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетіні, бидайдың өсуі, нан пісіру кезеңдері, бидайдың құндылығы туралы түсінік беру.Нанды қадірлеуге, қастерлеуге, нанды даярлайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, диқандар еңбегін бағалай білуге, еңбекке деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.Бақылағыштығын, қиялын, есте сақтау, желілі рөлді ойынға, кейіптендіруге арналған атрибуттарды дайындау іскерліктерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін, ересектер басшылығымен әрекет ете білуге іскерліктерін жетілдіру, шығармашылық ой қиялын дамыту. |

| | |
|---|---|
| **Қолданылатын көрнекі құралдар:** | суреттер. |
| **Билингвальді компонент:** | алтын дән-золотое зерно, нан-хлеб |

| **Оқу іс-әрекеттері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ұйымдастыру шылық ізденістік** | ***Жылулық шеңбері.***<br>Тәрбиешімен бірге шеңбер бойына тұрып, төмендегі өлең жолдарын орындайды.<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық,<br>Таза ауадан салайық,<br>Достың мейірін салайық,<br>Жүрек жылуын салайық,<br>Осы жақсы лебіздерді<br>Бір-бірімізге сыйлайық.<br><br>***Кіріспе әңгіме.*** - Ал енді, балалар, бәріміз орнымызға жайғасып отырайық. Бүгін біз ақын Күләш Ахметованың «Алтын дән» өлеңін мәнерлеп оқып, оның мазмұнын ашатын бірнеше сұрақтарға жауап беруге тырысайық.<br>Өлеңді мәнерлеп оқу.<br>Алтын дән<br>Жатыр дала жалтылдап,<br>Жаз шуағын мол құйды.<br>Күн астында алтын дән<br>Тербеледі, толқиды.<br>Толықсыған тасқындай<br>Көкжиекпен ұштасып,<br>Күн астында аң бидай<br>Билейді қол ұстасып.<br><br>***Сұрақ-жауап арқылы* әңгімелеу**.<br>- Осы оқыған өлең шумағында не жайлы айтылған?<br>- Өлеңнің авторы кім?<br>- Сендерге өлең ұнады ма?<br>- «Алтын дән» дегенді қалай түсінесіңдер?<br><br>***Сергіту сәті***<br>Кел, балақан, балақан,<br>Шапалақта алақан: | Балалар шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасап, өлең жолдарын қайталайды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Өлең шумағына байланысты дауыс ырғағын келтіріп, қимыл жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | жай - жай - жай.<br>Қозғап барлық денені,<br>Қаттырақ соқ қолды енді:<br>сарт - сарт -сарт.<br>Айтқан кезде өлеңді,<br>Ақырын бас еденді:<br>жай - жай - жай.<br>Өлеңді қайталап, мәнерлеп оқу, жаттап алу.<br><br>Орындарына жайғасып отырады.<br><br>Мұқият тыңдайды.<br>Жауап береді.<br><br>***Қорытындылау:***<br>Қазақтың нақыл сөздері арқылы оқу іс-әрекетін аяқтау.<br>Ас атасы – нан.<br>Нан болса – ән де болады | |

**Күтілетін нәтиже:** **Біледі:** өлеңнің мазмұнын.

**Игереді:** алтын дәннің нәтижесі - нан, оны қадірлеу керек екенін.

**Меңгереді:** нанның үлкен еңбекпен келетінін.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»** **Апталық тақырып: «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»**

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Балалардың сөздік қорын дамыту, табиғаттағы тіршіліктің оянуын, жәндіктердің тіршілігі,олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсініктер беру.Тақпақтар, мақал - мәтел, жұмбақ шешу арқылы балалардың ойлау қабілетін жетілдіру. Жәндіктерді ажырата білуге жаттықтыру, есте сақтау қабілетін дамыту, табиғатты қорғау, оларға қамқорлық, адамгершілікке, достыққа баулу. |
| **Әдіс-тәсілдер:** | Көрсету, әңгімелеу, сұрақ - жауап, ойын түрлері әдіскерлік тәсіл ретінде қолданылады. |
| **Билингвальді компонент:** | зиянды-вредный, пайдалы-полезный |
| **Көрнекілік:** | жәндіктер суреттері, дидактикалық материалдар, ойыншық жәндіктер. |

| Оқу іс-әрекеттері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз<br>Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз<br>Топқа Дымбілмес кіреді. «Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен, сендермен ойнайын деп келдім, қарным ашты, қазір алау жағып тамақ дайындайын. Жәндіктерді құртайын.<br>- Балалар, от жағуға бола ма?<br>- Онда құстарды атып ойнайын.<br>- Балалар, құстарды атуға бола ма?<br>Дымбілмес: балалар кешіріңіздер, мен енді | Балалар қонақтармен сәлемдесіп, шаттық шеңберіне жиналу.<br>Болмайды! Болмайды! Алау жағуға, құстарды атуға, қоқыс шашуға, суды ластауға болмайды! (Көктем мезгілі) (Үш ай бар) (Наурыз, сәуір, мамыр) (Күн жылынады, ағаштар бүршік жарады. Құстар жылы жаққа ұшып келеді, жәндіктер жер бетіне шыға бастайды). (Көбелек, ара, инелік, өрмекші, құмырсқа, қоңыз) (Бал алады, зиянды құрттардан тазартады. Көбелек гүлдерді тозаңдандырады, талшығынан жібек мата алынады. Қоңыз өсімдіктердің жапырағын зиянды |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру шылық ізденістік** | түсіндім, табиғатты қорғап жүремін.<br>Дымбілмес: кешірім сұрап шығып кетеді.<br>Балалар, қазір қай мезгіл?<br>Көктем мезгілінде неше ай бар? Үш айды атаңыз? Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? Мына жәндіктер қалай аталады? Бұл жәндіктердің пайдасы қандай?<br>Жәндіктер туралы кім тақпақтар біледі?<br>*Мұхаммед А:*Балалар - ау, балалар!Алаңқайға шығайық,Көктем тілін ұғайық,Құрт - құмырсқа, көбелек,Ұшып жүрген бөгелек<br>*Алтынай:*Инелік - ау, инелік, Қаша берме именіп<br>Түспей - ақ қой торыма, Қоншы келіп қолыма<br>Анықтап бір қарайын, Суретіңді салайын<br>**Жұмбақтар шешу**<br>1. Екі басы жұдырықтай<br>Ортасы қылдырықтай */Құмырсқа/*<br>2. Ызыңдап ән салып<br>Лас жерге қонады / *Шыбын/*<br>3. Тоқыған ауы - шыбынның жауы */Өрмекші/*<br>**«Үш көбелек»ертегісі**<br>«Үш көбелек»ертегісінің кейіпкерлерінің бейнесін саусақ арқылы сахналау<br>Балалар, қандай жәндіктерді білесіздер? (Көбелек, ара, инелік, шегіртке, құмырсқа | құрттардан тазартып, емдейді. Құмырсқа еңбекқор, илеуіне қонған құстардың үстіндегі бүргелерін тазартады. Шегіртке зиянды көк шөптерді, егінді жеп құртып отырады. Шегірткелер топталып жүреді. Ара гүлдердің шырынынан бал жинайды. Қоңыздар топырақты қазып шіріген заттарды ыдыратып табиғат тазалығын сақтауға үлес қосады). |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Балалар қалташаға көбелектерді орналастырады)<br>Бұл, жәндіктердің қанаттары нешеу? (Екеу )<br>Көздері, мұртшалары нешеу? (Екеу)<br>Балалар, мен сіздерге неше санын көрсетсем, сіздер алдарыңыздағы қалташаға сонша көбелектерді орналастырасыздар, Жәндіктерді санына қарай орналастыру.Балалар, кім санамақ айтып береді? Жіңішке жалғыз таяқша,«1» саны – ол, айырықша<br>Міне, «2»саны тұр, Қараңдаршы, неткен түр!<br>Мойнын алға иеді, Құйрығы еріп жүреді.<br>Екіліктен кейін, қараңдар, «3»саны шықты, жарандар<br>Үшінші орын - тұрағы, Үш ілмекті қосып тұрады.<br>**«Күн мен жаңбыр»** ойыны<br>Шарты: балалар отырады, күн<br>дегенде балалар орындарынан тұрып жүгіреді, ойнайды. Жаңбыр дегенде балалар тәрбиешілердің<br>қолына ұстаған қолшатырдың астына тығылады<br>**Жәндіктердің бейнесін құрастыру.**<br>Балалар құрттың бейнесін құрастырып шығару.<br>Тәрбиеші балаларға жәндіктер туралы | |

| | | |
|---|---|---|
| | түсініктер беру. **Ұжымдық жұмыс**.Теңіз тасынан ермексаздан көбелекті бейнелеу,Балалар, біздерге жәндіктердің пайдасы өте зор. Жәндіктердің адам денсаулығына тигізер маңызы өте жоғары.<br>**Сергіту сәті:**Қане қанат жазайық,<br>Қарлығашқа ұқсайық.<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>Білімде алда болайық. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**жәндіктер туралы білуі

**Игереді:**есте сақтау қабілеті

**Меңгереді:**мүсіндей, бейнелей, құрастыра білуі

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»** **Апталық тақырып:** "Еңбек - бәрін де жеңбек"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Балаларды еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру.<br>Еңбек етуге деген қызығушылықтарын, ой - қиялын, тілдерін дамыту.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |
| **Көрнекті құралдар:** | сюжетті суреттер, нан, диірмен, бидай, ұн, тоқаштар |
| **Билингвальді компонент:** | еңбек-труд, нан-хлеб, бидай-зерно |

| **Оқу** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|

| іс-әрекеттері | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ұйымдастыру шылық ізденістік** | **Шаттық шебері.** Амандасу.<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз,<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлеметсіздер ме! – деп сәлемдесіп аламыз.<br>Балалар жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілінің неше айы бар?<br>Ауа - райы қандай болып тұр?<br>Балаларға жаңа сабақты түсіндіру.<br>Біз бүгін жаңа сабақта еңбек жайлы білетін боламыз.<br>Тақтадан еңбек туралы суреттерді көрсетіп түсіндіру, сұраққа жауаптар алу.<br>Еңбек түрлері көп: жазғы еңбек, күзгі еңбек, қысқы еңбек және көктемгі еңбек болып бөлінеді.<br>Әр мезгілдің өзіне тән ерекшеліктері бар екен.<br>Әңгімелесу<br>Еңбек дегеніміз – адамның өмір сүруі үшін қажетті іс – әрекеттер.<br>- Еңбек түрлерін білесіңдер ме?<br>- Еңбек ету адамға қажет деп ойлайсыңдар ма?.<br>(халық мақалы)<br>Бақдаулет. Қырға шықсаң өрлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>Айзере. Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>Бақжан. Сабағыңа жөндеп,<br>Әзірленсең - Еңбек.<br>Нұрасіл. Гүл отырғызсаң терлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>Жақсат. Қиындықтың бәрін, | Балалар тәрбиешімен бірге шеңбер құрып тұрады, сәлемдеседі.<br>Қыс. Үш айы бар; желтоқсан, қаңтар, ақпан. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Еңбек қана жеңбек.<br>«Әли мен Аян, талқан нан» туралы ертегі.(компьютерден көрсету)<br>Сахналау.<br>Балалар көрген ертегіні сахналайды.(әже, бала, қыз)<br>Дәйек сөздер:<br>Әмина. Бақыт кілті - Еңбекте.<br>Мақал - мәтелдер:<br>Сұңқар. Еңбектің наны тәтті,<br>Жалқаудың жаны тәтті.<br>Мирас. Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Кәусар. Еңбек ер атандырады.<br>- Балалар ендеше орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайық.<br>**Сергіту сәті:**<br><br>Кел, балақан, балақан,<br>Шапалақта алақан:<br>жай - жай - жай.<br>Қозғап барлық денені,<br>Қаттырақ соқ қолды енді:<br>сарт - сарт -сарт.<br>Айтқан кезде өлеңді,<br>Ақырын бас еденді:<br>жай - жай - жай.<br>«Көңілді күн» әуеніне би қимылдар келтіру. (Қимылмен көрсету)<br>- **Ойын: «Ормандағы аю»**<br>Шарты: Балалар орманға барып құлпынай тереді, ұйықтап жатқан аюды оятып алады, аю балаларды қуалайды. Балалар өздерін бақытты сезініп қуанады.<br>**Қорытындылау:**<br>Балалар біз не жайлы білдік?<br>Еңбек түрлерін атап беріңдер? | |

| | | |
|---|---|---|
| | Нан қандай еңбекпен келді?<br>Еңбектенген адам мұратына жетеді. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** еңбек туралы білуі

**Игереді:** есте сақтау қабілеті

**Меңгереді:**еңбек бәрін жеңетінін білуі

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»** **Апталық тақырып:** "Достық - біздің тірегіміз" (халықтар достығы)

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету. |
| **Әдіс – тәсілі:** | Сұрақ – жауап, түсіндіру, ойын, ән айту. |
| **Көрнекілігі:** | Әр ұлт өкілдерінің суреттері, ДВД, теледидар, сурет салу құралдары |
| **Билингвальді компонент** | халықтар достығы-дружба народов |

| **Оқу іс-әрекеттері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ұйымдастыру шылық ізденістік** | - Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем мезгілі.<br>- Дұрыс айтасыңдар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші.<br>- 8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз, наурыз мерекесі.<br>Жарайсыңдар, сендер жақсы біледі екенсіңдер, естеріңе жақсы сақтап қалыпсыңдар. Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі.<br>- Балалар біздің ұлтымыз қандай?<br>- Біз қай тілде сөйлесеміз?<br>Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады.<br>Қане балалар бәріміз экранға қарайық.<br>Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру.<br>Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмасада, Қазақтардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді.<br>Экраннан Елбасы құттықтауы мен Астана қаласы орталық алаңда өткізіліп жатқан шеруді тамашалау. Ертең 1 мамыр мерекесі. Біздің де Қазалы халқы орталық алаңға осындай салтанатты шеруге шығады. Әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін көрсетеді. Балалар, ертең біз мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар?<br>- Дұрыс айтасыңдар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымыздың | - Қазақ тілінде.<br><br>- Шар, жалауша. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | суретін салайықшы.<br>- Жалауша қандай пішінге ұқсайды?<br>- Түсі қандай болады?<br>- Ал шар қандай пішінге ұқсайды?<br>- Түстері қандай болады?<br>Жарайсыңдар балалар, жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалақ, сопақша болады екен. Қане алдарыңдағы қағазға өздеріңе ұнайтын шар мен жалаушаның суретін салайық.<br>**Сергіту сәті:** Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттың баласы,<br>Достығымыз жарасқан.<br>**Дидактикалық ойын: «Қай ұлттың бас киімі?»**<br>Ойын шарты: Көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу.Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?<br>Ырыс алды – ынтымақ.<br>Бірлік болмай, тірлік болмас.<br>Ұрыс, ырысты қашырар<br>Ынтымақ, халықты асырар.<br>Балалардан бүгінгі өтілген тақырып бойынша сұрақ – жауап арқылы қорытынды жасау.<br>Жарайсыңдар балалар, бүгінгі оқу іс - әрекетіне жақсы қатыстыңдар. Бір – біріңе деген достықтарың мәңгі болсын, ата – аналарың аман болсын. Ал мен сендерге ертең 1 мамыр мерекесіне барғанда қолдарыңа ұстап баратын жалауша мен гүл берейін. Ертеңгі мерекеде әдемі болып жүріңдер.<br>Біздің достығымызды білдіретін «Достықпен» әнін айтайық. | - Тіктөртбұрышқа- Көк болады. - Домалақ, сопақша. - Қызыл, көк, жасыл, т. б Балалар өз қалаулары бойынша ұнайтын суреттерін салады.<br>Өлеңге сәйкес қимылдар жасайды. |

**Күтілетін нәтиже:Біледі:** Балалар 1 мамыр мерекесі Қазақстан Халықтар бірлігі күні екенін біледі.
**Меңгереді:** Өз Отанын сүюді, қорғауды, өзге ұлт өкілдерін құрметтеуді үйренеді
**Игереді:** Әр ұлттардың киім ерекшеліктерін біледі.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»** **Апталық тақырып:** «Отан қорғаушылар»

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Отанын, елін, жерін сүюге, қорғауға, сыйлауға тәрбиелеу, Балаларға отан қорғаушылар күні туралы мәлімет беру. Танымдық қасиеттерін ояту.Ел үшін қызмет етуге тәрбиелеу. |
| **Көрнекілігі:** | Фотосуреттер, көрнекілік құралдар |
| **Билингвальді компонент** | отан қорғаушылар-защитники отечества |

| Оқу іс-әрекеттері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбер:Арайлап таң аттыАлтын сәуле тараттыЖарқырайды күнімізЖайнайды гүліміzҚайырлы таң апайларҚайырлы таң достарым | Балалар шаттық шеңберді тәрбиешімен бірге қайталайды |
| **Ұйымдастыру шылық ізденістік** | Тәрбиеші әңгімесі:Балалар болатын іс-әрекетіміз көркем әдебиет сабағы. Балалар жылдың қай мезгілі?-Ал балалар көктемнің қай айы?<br><br>Мамыр айының 7 жұлдызы күні отан қорғаушылар күні деп жарялады.<br><br>Тәуелсіз Қазақстанның әскері жаңарып. Қарулы күштер жаңарып жатты.Дәстүр бойынша осы мереке күні президентіміз Нұрсылтан Әбішұлы Назарбаев әскери қызметте көзге түскен | Көктем мезгілі<br><br>Мамыр айы |

| | | |
|---|---|---|
| | немесе ерлік жасаған Қазақстан қарулы күштер қызметтерін марапаттайды.Себебі Отан қорғаушылар күні-түні еліміздің тыныштығы үшін қызмет етеді.Олар еліміздің тыныш, бибітшілік өмір сүруіне мол үлестерін қосудаОтан сенің ата-анаңОтан сенің бауырыңОтан өлкең астанаңОтан аудан, ауылым.<br><br>Демекші,біз сүюіміз оны қадірлеп қастерлеуміз керек, балалар. Отан үшін отқа түс,күймейсің –деген сөз бар халқымызда. Отан үшін жаным қиған қанша біздің батырларымыз бар.<br><br>Т.Тоқтарыв.М.Мәметова,Ә. Молдағұлова т.б. Ел басына күн туғанда Отанын қорғап, елге amansау оралған батырларымыз Б.Момышұлы болған , Әлия Молдағұлова-бұл апамыз снайпер болған көздеп тұрып көп жауларға қарсы тұрған., Бауыржан Момышұлы-қол басшы болған., Талғат Бегилдин т.б батырларымыз көп.1945 ж мамырдың 9 жұлдызында адамзат баласы ұлы жеңіске қол жеткізді. 630 мың қазақстандық қайта оралды. 500 қазақстандық Кеңес одағының Батыр атағын алды.Қайсарлықпен әнге қосып шырқап жүрміз. | Балалар тәрбиешінің айтқан әңгімесін мұқият тыңдайды<br><br>Әр бала «Отан қорғаушыларға»арнап тақпақтарын айтып береді<br><br>Балалар сергіту сәтін қимылмен қайталайды<br><br>Балалар «Отан қорғаушыларға» арнап мақал-мәтелдерін айтады |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | -Балалар біз не жайлы айттық?<br><br>-Балалар қандай батырларымызды білеміз?. | Отан қорғаушылар күні<br><br>М.Мәмбетова,Ә.Молағұл-ова,т.б. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** 7 мамыр отан қорғаушылар күні туралы

**Игереді**:Сұраққа жауап беруді.  **Меңгереді**:Батырларымыз туралы білу

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»** **Апталық тақырып:** "Көңілді жаз"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Жаз мезгілінде болатын өзгерістер жайлы балаларға түсіндіру. Табиғаттағы құбылыстарды бақылай отырып табиғатты аялауға тәрбиелеу. Түстердің біртіндеп өзгеруі тәсілін қолданып уйрену,көріністі бейнелеуде көңіл күйлерін,ойлау қабылеттерін,есте сақтау қабілеттерін дамыту.Оқушыларды ұқыптылыққа, ,адамгершілікке,ауызбіршілікке тәрбиелеу. |
| **Көрнекіліктері:** | суреттер. |
| **Әдіс – тәсілдер:** | түсіндіру, үйрету,орындату. |
| **Билингвальді компонент** | жаз-лето, ыстық-жарко, құм-песок, кемпірқосақ-радуга. |

| **Оқу іс-әрекеттері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | 1.Оқушыларды сабаққа даярлау,амандасу,түгендеу.<br><br>2. Оқушылардың назарын,психологиялық жаттығулар орындау арқылы сабаққа аудару. Балалар сендер сабаққа зейін қойыңдар. Іштеріңнен «Мен жақсы адаммын,мен әйбәтпін!»деп бірнеше рет қайталандар.Бір –біріңе қарап жымиыңдар.<br><br>Мұғалім балалардан жыл мезгілін сұрап, көктемнен кейін жадырап жаз келетінін, жаздың көктемнен айырмашылығы қандай болатынын әңгімелету.<br><br>Жаз мезгілін сипаттату, суретке қарап жаздың жайқала өсетін шөптері мен әдемі гүлдеріне назар аударту.<br>Жаз мезгілі туралы өлең-тақпақтар оқып беру.Бүгінгі бейнелеу оқу іс-әрекетімізде жадыраған жаздың келбетін бейнелейтінімізді айтып, түсіндіру.<br><br>Мұғалім үлгі ретінде жұмыстардың орындалу реттігімен таныстырады. Балалардың жұмыс дәптеріндегі тапсырманы | Балалар бір – біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br><br>Мұқият орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру шылық ізденістік**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Рефлексиялық түзетушілік** | орындау реттілігіне қарап, жұмыстарын орындауға кіріседі.<br>Мұғалім тапсырмалардың дұрыс орындалуын қадағалап, бақылайды.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп-кішкене балақан<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Оқу іс-әрекет соңында балалардан салған суреттерін бір-біріне көрсетіп,талдауларын және достарының еңбектерін бағалап,жақсы салынған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау.<br>Мұғалім барлық балаларға мадақтау сөздерін айтып қуантады. | Жаттығуларды орындайды.<br><br><br><br><br>Тыныс алу жаттығуларын орындайды. |

**Күтілетін нәтиже: Біледі:** Жаз мезгілінде болатын өзгерістер жайлы.

**Игереді:** Табиғатты аялау керектігін.

**Меңгереді:** Ұқыптылықты.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі **Топ:** Ортаңғы топ

**Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»** **Апталық тақырып:** "Мен жасай аламын"

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Балаларды еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру.<br>Еңбек етуге деген қызығушылықтарын, ой - қиялын, тілдерін дамыту.<br>Балалардыеңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |

| | |
|---|---|
| | |
| **Міндеті:** | Балаларды ұқыптылыққа, ,адамгершілікке,ауызбіршілікке тәрбиелеу |
| **Билингвальді компонент** | мен жасаймын - я умею |

| **Оқу іс-әрекеттері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық**<br><br>**Ұйымдастырушылық ізденістік** | Балалар тәрбиешімен бірге шеңбер құрып тұрады, сәлемдеседі.<br>Амандасу.<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз,<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлеметсіздер ме! – деп сәлемдесіп аламыз.<br>Балалар жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілінің неше айы бар?<br>Ауа - райы қандай болып тұр?<br>Балаларға жаңа сабақты түсіндіру.<br>Біз бүгін жаңа сабақта еңбек жайлы білетін боламыз.<br>Тақтадан еңбек туралы суреттерді көрсетіп түсіндіру, сұраққа жауаптар алу.<br>Еңбек түрлері көп: жазғы еңбек, күзгі еңбек, қысқы еңбек және көктемгі еңбек болып бөлінеді.<br>Әр мезгілдің өзіне тән ерекшеліктері бар екен.<br>Әңгімелесу<br>Еңбек дегеніміз – адамның өмір сүруі үшін қажетті іс – әрекеттер.<br>- Еңбек түрлерін білесіңдер ме?<br>- Еңбек ету адамға қажет деп ойлайсыңдар ма?(*халық мақалы)*<br>Бақдаулет. Қырға шықсаң өрлеп, | Балалар шаттық шеңберіне тұрып өлең жолдарын кимыл-қозғалыспен айтады.<br>Қыс.<br>Үш айы бар; желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br><br>Балалар жұмбақтың жауабын табады.<br>Балалар сергіту сәтін өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстарымен жасайды.<br><br>Балалар көңілді доп ойыны арқылы сұрақтарға жауап береді |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Мұның аты - Еңбек.<br>Айзере. Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>Бақжан. Сабағыңа жөндеп,<br>Әзірленсең - Еңбек.<br>Нұрасіл. Гүл отырғызсаң терлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>Жақсат. Қиындықтың бәрін,<br>Еңбек қана жеңбек.<br>«Әли мен Аян, талқан нан» туралы ертегі.(компьютерден көрсету)<br>Сахналау.Балалар көрген ертегіні сахналайды.(әже, бала, қыз)<br>Мақал - мәтелдер:<br>Сұңқар. Еңбектің наны тәтті,<br>Жалқаудың жаны тәтті.<br>Мирас. Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Кәусар. Еңбек ер атандырады.<br>- Балалар ендеше орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайық.<br>Сергіту сәті:<br>«Көңілді күн» әуеніне би қимылдар келтіру. (Қимылмен көрсету)<br>- Ойын: «Ормандағы аю»<br>Шарты: Балалар орманға барып құлпынай тереді, ұйықтап жатқан аюды оятып алады, аю балаларды қуалайды. Балалар өздерін бақытты сезініп қуанады.<br>Қорытындылау:<br>Балалар біз не жайлы білдік?<br>Еңбек түрлерін атап беріңдер?<br>Нан қандай еңбекпен келді? | Балалар көңілді доп ойыны арқылы сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Еңбектенген адам мұратына жетеді. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Балалар өздері жасай алатын заттарды атайды.

**Игереді:** Табиғи материалдардан әртүрлі қолөнер бұйымдарын жасауды игереді.

**Меңгереді:** Ұқыптылықты түсінді.